

Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет ЖШС

«Бастауыш білім және өнер» факультеті

«Өнер және саз» кафедрасы



Алшымбаева С.Н.

**«Мүсіндеме және пластикалық адам анатомиясы» пәнінен практикалық
нұсқау**

6B01403-«Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау»

білім беру бағдарламасының студенттері үшін

Шымкент, 2024

ӘОЖ: 75.055

Дайындаған: аға оқытушы, магистр Алшымбаева С.Н.

«Мүсіндеме және пластикалық адам анатомиясы» пәні бойынша практикалық нұсқау.

6B01403-«Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламаларының студенттері үшін - Шымкент: Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті, 2024. – © 57 б.

«Мүсіндеме және пластикалық адам анатомиясы» пәні бойынша практикалық нұсқау оқу жоспары мен оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес құрастырылған және курстың практикалық сабағын өткізуге қажетті барлық материалдарды қамтиды, практикалық жұмыстарды орындауға арналған практикалық нұсқау. «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» бағыты бойынша оқитын студенттерге арналған.

"Өнер және саз" кафедрасының мәжілісінде қаралды (хаттама №9 "18" сәуір 2024 жыл) және университеттің Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен басып шығаруға ұсынылды. (хаттама №5 "22" сәуір 2024 жыл).

© Жұмабек Тәшенев атындағы университеті, 2024

Мазмұны

Кіріспе.....	4
1 - тақырып. Классикалық модельді өсімдік өрнегінің бедері.....	5
2 - тақырып.. Геометриялық денелердің барельефі /куб, квадрат үстіндегі призма, шар/.....	7
3 - тақырып.. Портрет. Барельеф.....	11
4 - тақырып. Бір фигуралы композиция.....	14
5- тақырып Түрегеліп тұрған ер кісінің мүсіндік этюдi.....	16
6 - тақырып. Портрет /көлемді жапсыру.....	22
7 – тақырып. Бас сүйекті мүсіндеу.....	25
8 - тақырып. Аяқтың басы.....	30
9 - тақырып. Қолдың басы.....	31
10- тақырып. Көлемді гипс моделіне кеңістікте портрет жапсыру /Вольтер, Қайрақшы/.....	32
11 - тақырып. Адам басын нұсқаға қарап орындау, жапсыру.....	36
12 – тақырып. Бас сүйектерінің түрлері және жас шамасына және жыныс ерекшелігіне сай айырмашылықтары.....	38
13 - тақырып. Давид мүсінінің деталдарының гипстік жапсырмалары.....	40
14 – тақырып. Адам денесінің пластикалық анатомиясы және оны зерттеу.....	41
15 - тақырып. Түрегеліп тұрған ер кісінің нұсқасына қарап жапсыру.....	45
Иллюстрация.....	47

Кіріспе

Берілген практикалық сабақтарына арналған әдістемелік нұсқау ҚР Мемлекеттік жоғарғы білім стандартына байланысты орындалған 6B01403 - «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» мамандығына арналған.

Мүсін өнерін игеру мұғалімдерге шығармашылық, ұстаздық қызметінде көмектеседі. Көлемді құралымдағы бейнелерді түсініп, олардың қолданылуына қарай шеберлігін шыңдау. Бұл бағдарлама әркезде күрделеніп отыратын бейнелеу тапсырмаларына негізделген. Сәнді барельеф, горельеф, көлемді мүсін жасау арқылы студенттерге қажетті білім жиынтығын береді.

Пластикалық анатомия адам денесінің құрылымын зерттеу арқылы суретшілердің практикалық біліміне негіз болып, олардың талабы қанағаттандырады.

Пластикалық адам анатомиясының мақсаты - келешек көркем сурет мұғалімдерін кәсіпкерлік, саналы біліммен қаруландырып, нақты бейнелерді шынайы білімділікпен оқу - әдістемелік жоспарлы, арнайы пәндерде /сурет, мүсін, көркем сурет/ қолданумен қатар, іске асыру.

Пластикалық анатомияны зерттеудің талабы адам денесінің жеке мүше-лерін зерттеу, олардың қимыл-қозғалыс кезеңдегі өзгеріс ерекшелігіне назар аудару, көз алдына модель болмаған кезде де бейнені суретке салып, мүсіндеу, көркем бейнелеуге баулу. Негізгіні қосымшадан айыру, дұрыс пен бұрысты анықтауға үйрету.

Пластикалық анатомияны зерттеудегі практикалық жұмыс /балшықпен жапсыру/денені көлемді, жан-жақты сезінуге, сүйек құрылымының бұлшық еттермен байланысын көрнекі сараптауға бағышталған. Осындай арнайы сараптау келешек суретшілерді адам денесінің анатомиялық құрылымын мүсін, сурет, көркемсуретте шынайы дұрыс бейнелеуге көмегін тигізеді, олардың жасампаздық шеберлігін шыңдайды.

Бұл үшін пластикалық анатомияның мына бөлімдерін білген жөн: *Остеология* - сүйек туралы ілім.

Миология - бұлшық еттер туралы ілім.

Пропорция - өлшем қатынастары туралы ілім.

Сабақтың негізгі мақсаты:

- студенттердің алдыңғы теориялық курстардың лекцияларында алған білімін бекіту, тереңдету, кеңейту.

- пәнге байланысты студенттердің өз бетінше әдебиеттермен жұмыс істей алуын қалыптастыру.

- студенттердің спецификалық ойлау мен шығармашылыққа бейімділігін дамыту.

- болашақ мамандарды тәрбиелеуде бейнелеу өнері теориясына ғылыми қызығушылығын тудыру.

- сабақтарында студенттердің көркем мақсаттар мен қоғамдық құбылыстарға өздерінің көзқарастары қалыптастыру.

- бағдарламада берілген тақырыптар талқыға салынады және студенттер дайындап келген тапсырмалар мен ғылыми баяндамалар, берілген пәнге байланысты түрлі ғылыми еңбектерге негізделе сарапталады.

1-тақырып: Классикалық модельді өсімдік өрнегінің бедері

Жоспар: Жұмыр және бедерлі рельеф.

Өрнек бедерін жапсыру

Сабақтың мақсаты: Пластикалық анатомияға сай адам денесінің негізгін толық ұғыну.

Қысқаша теориялық мәліметтер: Мүсін, яғни «скульптура» (латынша sculptura) сөзі алғашқыда қатты материалдардан фигураларды қашап жасауды, шектеуді (мүсін жасауды) білдірген. Кеңінен пішіндеу арқылы жасалған шығармалар да осы ұғыммен білдірілген.

Мүсіннің басқа бейнелеу өнері түрлерінен айырмашылығы сол, оның басты әсерлік құралы аймақтық форма. Мұның өзі оны жасаған кезде ағаш, металл, тас сияқты ұзақ сақталатын материалдарды пайдалануға мүмкіндік береді.

Түрлі халықтар мен дәуірлердің толып жатқан мүсіндік шығармалары бізге дейін жетті. Ежелгі Мысырдың, Үндістан мен Американың мүсіндері мен барельефтері кеңінен мәлім. Антикалық Грекия аса көрнекті мүсіншілер – Фидийдің, Мирон мен Поликлеттің мәңгі өшпейтін шығармаларын әлемге тарту етті.

Мүсін жұмыр (оны барлық жағынан қарауға болады) және бедерлі (рельеф) болып келеді. Жұмыр мүсінде адамды бейнелей отырып тек маскамен, яғни бетпен, баспен ғана шектеліп қала алады. Басты иықпен бірге кеудеге дейін мүсіндеу кеуіт (бюст) болып табылады. Адамды беліне дейін бейнелеу жартылай фигура, ал бүкіл бойымен бейнелеу мүсінше (статуя) деп аталады. Көпфигуралы композиция мүсіндік топ немесе ансамбль деп аталады.

Рельеф – тек бір жағынан қарағанда жақсы көрінетін, жазық беттегі мүсіндік бейне. Рельеф екі түрге бөлінеді: фигуралар фонның жазықтығынан өз көлемінің жартысынан аз шығып тұрса, барельеф деп, ал фигуралар жартысынан көбірек шығып тұрса ол горельеф деп аталады.

Мүсін шығармалары жанды бейнедегі сияқты, станокты және монументті-сәндік болып бөлінеді. Станокты шығармалар айналадағыларға тәуелсіз өмір сүреді, сондықтан түрлі жағдайларда қоюға болады. Монументті-сәндік шығармалар әдетте жеке ансамбльдің, алаңның немесе саябақтың сәулет композициясының құрамдас бөлігі болып табылады.

Өрнекті оның гипстік түпнұсқадағы дәл өлшемімен жапсыру керек, ол үшін дәл сол форматта ағаш тақтайша қолдану керек. Көжиек сызығы өрнектің ортасынан өту үшін гипстік үлгімен оқу жұмысын бір биіктікте қойып жапсыру керек. Жапсыру кезінде әрқашанда түріп жапсырады. Өрнекті жапсыруда фонын жасаудан бастайды. Биіктігінен алынған фонды әдемілеп түзулейді. қисық, бұдыр, түзуленбеген фонға қаншалықты керемет рельефті композицияны айқын көрсетпейді.

Мүсінде «плинт» атауы жұмыр мүсіннің негізінде қабылданады және сол бедер көлемінде кеңінен таралған.

Көптеген студенттер бірінші сабақта өрнектің жалпы массасын тегістеуде жапсыруы сенімсіз, жалпақ жән қисықтау бастайды. Сондықтан ары қарай

жапсыру жолдарын жасауда бірден өрнек көлемін жолық күшпен бастау керек. Мәселені гипстік өрнектің өлшемімен бірдей етіп жасаса, соны профилі бойынша тексеруге, оңайға түседі.

Бедерде ол қысқартылған перспективаны натюрморттың барлық заттары тұратын сөре сияқтыға айналады. Бедерде плинт барлық бейнелердің масштабы болып табылады: заттар берілген плинт тереңдігінен шықпауы тиіс.

Фон орындалып болған соң, оны ені мен ұзындығы бойынша орнатып, оған ұшалған қарындаштың ұшымен дәл сурет өрнегін түсіреді. Өрнек суреті фонға қатысты қатты көтеріңкі немесе керісінше түсіңкі, немесе өте кішкентай болмауы керек. Суреттің дұрыс орнатылғанын тексергеннен кейін, студент жұмыстың келесі кезеңіне өтемі.

Суретті салып болған соң, өрнекті жапсыруды рельефтің ең кішкентай бөліктерінен бастап, бірте-бірте ең үлкеніне дейін жетеді. Рельефті тегістеуде өрнектің барлық көлемі бойынша жасау керек, бар модельді бірден жапсыру керек. Бұл бір біріне қатынасы бойынша рельеф бөліктерінің пропорциясын дұрыс табуына мүмкінді береді.

Екінші кезеңде өрнекті жапсыру аяқтайды. Тағы да бір рет төменгі жоспардың биіктігі бойынша қатынасын, модельдің тереңдігі мен кеңдігін, биіктік пропорциясын, рельефтің жалпы массасын тексергеннен кейін форманың бөлек бөлек бөліктерін жетілдіруге кіріседі.

Бедердің жұмыр мүсіннен айырмашылығы бедер жазықтыққа қабырғаны безендіру үшін қызмет етеді. Егер суретте көлемді формаларды сызықтар арқылы көрсететін болса, онда бедерде мүсіндік тәсілдермен көлемді перспективаның заңдалақтары қолданылады.

Бедер – жалпы түсінік. Барлық бедерлер көлемі жағынан барельеф (төменгі бедер) және горельеф (жоғарғы бедер) деп екіге бөлінеді. Әрбір жеке жағдайда бедерді рельефтердің тереңдігін таңдауда бедердің тағайындалуы мен орналастыру орнына байланысты. Бедер ұзақтан көруге есептелген болса, жарық көлеңке моделировкасының байлығы мен көлемдірек шешімді талап етеді. Бедер жақынан көруге есептелінсе онда оны жалпақтау етіп жасалынады.

Практикалық жұмысқа кіріспестен бұрын, жалпы мүсіндік өрнектің ерекшеліктерін, оның композициялық және пластикалық шешімдерінің заңдылықтарын еске түсіру керек.

Мүсіндік өрнек суреттің дәлділігі мен айқындылығын, силуетпен сызықтарының жақсы көрінгенін, талап етеді, оны орындау барысында үлкен ұқыптылық керек. Бұлсыз ол эстетикалық мәнін жоғалтады.

Өрнек – бұл суретшінің таңдаған ритмінің негізінде заңдылықтарын қайталайтын, бейнелер қатары.

Мүсіндік өрнек өмірде кеңінен таралған. Ол орындау техникасы бойынша да, материал бойынша көптеген түрлері бар. Формасы бойынша мүсіндік өрнектің негізгі үш түрін бөліп көрсетеді:

- а) жолақтық ою-өрнек - өрнекті ленталар, фриздер, каймалар т.б
- б) розеткалар

в) торлы өрнек

Солардың ішінде кеңінен жолақты немесе ленталы өрнек кездеседі. Әдетте ол бір қырынан қисықтау немесе түзу сызық бойынша орналасқан бірдей элементтерден тұрады. Мұндай жалғастырып кете беретін ашықтық тән. Бұл оған динамикалы етіп көрсетеді.

Розетканың кейбір түрлері көбіне сәулет өнерінде төбелері, терезелерді т.б. безендіруде қолданылады. Олар жеке декоративті элементтер сияқты немесе басқа композициялық өрнек түрлерімен қатынаста қолданылады.

Практикалық сабаққа дайындық бойынша білім алушыларға әдістемелік ұсынымдар

1. Классикалық модельді өсімдік өрнегінің бедерін жасау технологиясы қандай?

2. Балшықты тақтай бетіне жапсыру әдісі қандай?

3. Өрнектің біртұтастығын бұзбай жеке бөліктерінің орналасуын, үйлесімділігін табу әдістері?

Пысықталатын оқу мәселелерінің және студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмаларының тізбес

Балшықты тақтай бетіне жапсыру. Плита бетін тегістеу. Плитаның нақты өлшемін табу. Өрнектің біртұтастығын бұзбай жеке бөліктерінің орналасуын, үйлесімділігін табу. Өрнектің үш-көлемді жалпы көлемін жапсыру. Классикалық үлгіден өрнектерді жапсыру

Ақпараттық қамтамасыз ету және жабдықтар:

Суреттер, қара қалам, өшіргіш, журналдар, қағаз (формат), эскиздер, дәптер, пластилин, қалам, құрал саймандар.

Пайдаланылған әдебиеттер мен Web сайттар тізімі:

1. Рабинович М.Ц. «Пластическая анатомия человека, четвероногих животных и птиц и ее применение в рисунке» М., «высшая школа» 1978 г.
2. Рабинович М.Ц. «Изображение человека на основе пластической анатомии» 1965г.
3. Механик Н.С. «Основы пластической анатомии» М. 1958г.
4. Павлов Г.М. «Пластическая анатомия» М., 1948г.
5. Дювало М. «Анатомия для художников» 1936г.
6. Тихонов М.Т. «Курс пластической анатомии», 1906г.
7. Иваницкий М.Ф. «Очерки пластической анатомии человека» М., 1955г.

2-тақырып: Геометриялық денелердің барельефі /куб, квадрат үстіндегі призма, шар/

Жоспар: Геометриялық денелердің барельефі.

Сабақтың мақсаты: Алған білімдерді дұрыс, толық қолданып әр түрлі жұмыстарды орындау. Дәрісханада балшықтан практикалық жұмыс жасап үйрену. Бір екі фигуралы жанрлық үйлесімділігі бар шығармашылық жұмыс орындалады.

Қысқаша теориялық мәліметтер: Таза мүсіндік мәселені қарастырайық. Мүсіндік бедерді орындау- жалпы мүсінді оқыту жүйесіндегі күрделі кезең.

Бедердің жұмыр мүсіннен айырмашылығы бедер жазықтыққа қабырғаны безендіру үшін қызмет етеді. Егер суретте көлемді формаларды сызықтар арқылы көрсететін болса, онда бедерде мүсіндік тәсілдермен көлемді перспективаның заңдалақтары қолданылады.

Бедер – жалпы түсінік. Барлық бедерлер көлемі жағынан барельеф (төменгі бедер) және горельеф (жоғарғы бедер) деп екіге бөлінеді. Әрбір жеке жағдайда бедерді рельефтердің тереңдігін таңдауда бедердің тағайындалуы мен орналастыру орнына байланысты. Бедер ұзақтан көруге есептелген болса, жарық көлеңке моделировкасының байлығы мен көлемдірек шешімді талап етеді. Бедер жақынан көруге есептелінсе онда оны жалпақтау етіп жасалынады.




Мүсінде «плинт» атауы жұмыр мүсіннің негізінде қабылданады және сол бедер көлемінде кеңінен таралған.

Бедерде ол қысқартылған перспективаны натюрморттың барлық заттары тұратын сөре сияқтыға айналады. Бедерде плинт барлық бейнелердің масштабы болып табылады: заттар берілген плинт тереңдігінен шықпауы тиіс.

Бедерлік бейнелері құрастыру кезінде үлкен мәнді горизонт сызығына орналасуы алады. Мүсіндік бедерде горизонт сызығын биік етіп алмау керек, өйткені плинт жазығынан тіке майысуы натюрморт заттары төмен қарай иілген сияқты болады.

Плинттің ең жақсысы $115-130^\circ$ бұрыш шамасында майысуы болып табылады. Бедерде барлық заттар өзінің көлемі бойынша жалпақтығына қарай паралельді фонда қысқартылады. Бұл көлемдердің қысқартылуы өздігінше қысқартылмайды, ол белгілі перспективалық қысқартулар заңдылықтарына бағынады.


Рельефті бейнелердің көлемінің негізіне «алтын кеспе» формуласы бойынша 2:3:5:8:13:21 т.б. қысқартулар қабылданған. Бедерлердің құрылу заңдылықтарының бәрін жоспардағы заттардың проекциясының бейнеленуі кезінде байқауға болады. (сурет1).



Фон орындалып болған соң, оны ені мен ұзындығы бойынша орнатып, оған ұшалған қарындаштың ұшымен дәл сурет өрнегін түсіреді. Өрнек суреті фонға қатысты қатты көтеріңкі немесе керісінше түсіңкі, немесе өте кішкентай болмауы керек. Суреттің дұрыс орнатылғанын тексергеннен кейін, студент жұмыстың келесі кезеңіне өтемін.

Суретті салып болған соң, өрнекті жапсыруды рельефтің ең кішкентай бөліктерінен бастап, бірте-бірте ең үлкеніне дейін жетеді. Рельефті тегістеуде өрнектің барлық көлемі бойынша жасау керек, бар модельді бірден жапсыру керек. Бұл бір біріне қатынасы бойынша рельеф бөліктерінің пропорциясын дұрыс табуына мүмкінді береді.

Бастапқыда қарапайым бір заттан құралған- кринка рельефінің құрылу принципін қарастырайық. Сызбадағы натюрморттың бейнеленуі фасады мен жоспары 1 суретте көрсетілген. Ондағы 1 л сызығы кеспенің жазықтығын білдіреді; а,а – кеспе жазықтығы, бейненің паралельді жазығы, ол кринка көлемін екі тең бөлікке бөледі, БГДЕ- заттың жазықтығын білдіреді.




Натюрмортты бейнелеу кезінде рельефте плинт тереңдігі перспектива бойынша қысқарады, ал кринканың дөңгелек көлемі жалпақ эллипсоидты формаға ие болады, 1 л тереңдігі бейненің перспективада тереңдігі болып табылады.



Енді бедерде күрделірек натюрморттың бейнеленуін мысал ретінде қарастырайық. Кринка композициясының қасына драпировка фонында алма мен кружканы орналастырайық. Мұндай жоспардағы фасадты натюрморт шынайы кеңістіктегі 4 суретте көрсетілген. Жоспардағы 1,2,3 сандары мен заттардың орташа жазықтығы көрсетілген. Натюрморттың шынайы көлемі рельефті бейнелерде жалпақ эллипсоидты форманы 24 алады. 1', 2', 3' сандарымен рельефте бейнеленген заттардың орта жазықтығы көрсетілген. Сызбадан белгілі, әрбір заттың орташа жазықтығы сондай-ақ рельеф тереңдігі 5:3 қатынасына бөлінеді.

Мүсіндік бедердегі натюрмортпен жұмыс істегенде, көптеген студенттер мазмұны мен композициясы мәселелеріне көп назар аудармайды. Көбінде натюрморт біртипті шартәрізді және заттың формасы бойынша дөңгеленгенді кіргізеді.

Натюрмортты тақырыптық принципінде құруға кеңес береді. Ол әртүрлі мазмұнда болуы мүмкін. Екі-үш зат натюрморттың тақырыбы мен композициясын қызықты шешуге жеткілікті



сурет 6. Бір тақырыпқа тоқтауға келген соң, басында ең айқындырақ эскиз шешімін нобайларын табу керек. Оқытушы кеңесінен кейін тақырыптық мүсіндік іске асуына болады. Рельефтің қалыңдығы 3-4 см бастап, 30х40 өлшемді фанері планшетте пластелинмен жапсырған жөн.



Мүсін жұмыр (оны барлық жағынан қарауға болады) және бедерлі (рельеф) болып келеді. Жұмыр мүсінде адамды бейнелей отырып тек маскамен, яғни бетпен, баспен ғана шектеліп қала алады. Басты иықпен бірге кеудеге дейін мүсіндеу кеуіт (бюст) болып табылады. Адамды беліне дейін бейнелеу жартылай фигура, ал бүкіл бойымен бейнелеу мүсінше (статуя) деп аталады. Көпфигуралы композиция мүсіндік топ немесе ансамбль деп аталады.

Рельеф – тек бір жағынан қарағанда жақсы көрінетін, жазық беттегі мүсіндік бейне. Рельеф екі түрге бөлінеді: фигуралар фонның жазықтығынан өз көлемінің жартысынан аз шығып тұрса, барельеф деп, ал фигуралар жартысынан көбірек шығып тұрса ол горельеф деп аталады.

Практикалық сабаққа дайындық бойынша білім алушыларға әдістемелік ұсынымдар:

1. Рельеф дегеніміз не?
2. Барельеф дегеніміз не?
3. Остеология ілімі нені зерттейді?
4. Балшықты көлемнің қатынасын тауып барельеф тәсілінде жұмыс қалай орындалады?

Пысықталатын оқу мәселелерінің және студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмаларының тізбесі:

40+40 өлшемдегі тақтай үстіне ретімен плитаны жапсыру, сурет түсіру; балшықты көлемнің қатынасын тауып барельеф тәсілінде жұмысты орындау.

Ақпараттық қамтамасыз ету және жабдықтар:

Геометриялық денелердің барельефі /куб, квадрат үстіндегі призма, шар/, альбом, қалам және қажетті материалдар т.б.

Пайдаланылған әдебиеттер мен Web сайттар тізімі:

1. Вигин В.А.Как лепить животных. Художник. 1962г. №25
2. Коненков С.Т. Уроки Родена. Огонек 1965г. №41
3. Мамизер М. Скульптор о своей работе. Искусство 1952г.
4. Колпинский Ю. Искусство Греции эпохи расцвета М.Л.1937г.

3-Тақырып: Портрет. Барельеф.

Жоспар: Бас сүйектің анатомиялық құрылымы.

Сабақтың мақсаты: Алған білімдерді дұрыс, толық қолданып әр түрлі жұмыстарды орындау. Дәрісханада балшықтан практикалық жұмыс жасап үйрену. Бір екі фигуралы жанрлық үйлесімділігі бар шығармашылық жұмыс орындалады.

Қысқаша теориялық мәліметтер: Мүсін сабағы бойынша жүргізуші тақырыбы – адам басын бейнелеу. Бұл тақырып сурет курсымен бірге жүреді, бұл оқу үрдісін мақсатымен нәтижелі жүргізуде мүмкіндік береді. Адам басын мүсіндеу сабағы суретті көбірек меңгеруіне септігін тигізеді, өйткені студенттер мүсіндеуде көлемді форманың құрылымының заңдылығын, оның конструктивті ерекшелігімен және пластикалық құрылымын түсінуде, бақылауға тиімді.

Еске алатын жайт, бейнелеу өнерінің барлық түрінде адам басын бейнелеу- оқу бағдарламасында ең күрделі бөлімі. Портрет өнерінің модельдері ең кеңінен тараған үлгілері ретінде Ежелгі Греция және Римнің мүсіндері жатады.

Мүсіндік станокқа орналастырылған ағаш тақтайшада жасалынады. Мүсінші үшін модельдің $\frac{1}{2}$ шынайы үлкендігінен каркас дайындау керек. Бастапқыда ағаштан қалыңдығы 20-25 мм кем емес тақтайша (өлшемі 290x270 мм) жасалынады. Қатты темір пруттан арақашықтығы 10-12 мм торман жасалынған каркасты тақтайшаға орналастырады. Бастапқыда пруттан жан жағы 90 мм үшбұрыш форманы майыстырып жасап алады. Кейін үшбұрышты негізге перпендикулярлы болатындай етіп прутты тігінен майыстырады. Пруттың жоғарғы бөлігі овалды формаға айналады. Щитокқа каркасты үшбұрышты негізді ортасына емес, шетіне жақындау фасадты жағына жылжытып орналастырады.


Каркастың үшбұрышты негізінің фасадты жағы щитканың шетіне паралель болуы керек. Мұндай каркас негізін щитоктың шетіне қарай жақындатуы бас сүйектің ми сауытынан бет бөлігінен үлкен екендігін білдіреді. Каркасты тақтайшаға бекіту үшін темір қысқыштарды қолданады, оларды каркас негізінің үш бұрышынан орналастырады. Каркас пен жұмыс орнын дайындап болған соң, бас сүйекті жақыннан барлық жағынан қарап, бас сүйек конструкциясын, оның формаларын зерттеуге кіріседі. Мүсіндеуді

сазбалшықты плинтті жапсырудан бастайды, бас сүйектің пропорциясын орналастырады.


Бұл мүсіндерді көшіру қысқа мерзімде жұмыстың технологиялық жағын меңгеріп қана қоймай, сонымен бірге мүсін өнерінің тілін ұғынуға мүмкіндік береді.

Гипстік модельді 8-10 студентке есептеп қояды. Сабақ кезінде оны сағат тіліменайналдырып қояды. Мүсіндік станоктар моделайналасына студенттер жұмысын айнала алатындай арақашықтықтан орналастырады.

Бедерде басты қырынан бейнелеуді қолдану бұл бірінші кезекте бастың орташа жазықтық жайын анықтау қажет. Егер жұмыр мүсінде орташа жазықтықтың бастың барлық көлемін тең екі бөлікке бөледі.(1 сурет), кейде профильді бейнелеуде орташа жазықтық фонға жақынырақ болады және де бедердің барлық көлемін 3:5 қатынасына бөлінеді (2 сурет).



1 сурет Анфас басының конструктивті тіреу нүктелері



2- сурет Бастың қырынан қарағанда көлемді- кеңістік жоспары

Бірінші тапсырма – қарсы алдыан тұрған басты мойынымен бірге мүсіндеу керек. Бастың өлшемін натуралды үлкендігімен алынады. Модельдің мінез-құлқын көрстуде бәрінен бұрын пропорцияларымен қатынастарын дұрыс алынуына қажет. Басты ешбір шөпшексіз жалпылама түрде мүсіндейді.,

Жұмысты талап еткен өлшемде каркастық құрылымынан бастайды. Бас көлемі мен мойынды дәл ортасына орналастырады, кейін негізі тікбұрышты формалы плинті қояды. Стерженді каркас айналасына сазбалшықтан мойын

цилиндрін сомдайды, оған берілген өлшемде басты тұқымтәрізді формада орналастырады.

Мүсіндеуді шеткі жоспардан бастайды. Бастапқыда сурет өлшеммен мұрынның жалпақтығынан жасайды. Екінші жоспарда маңдай ойыстары өзінің орналасуына сәйкес фонға перпендикулярлы жүреді. Келесі кезеңде көз қиынын сомдайды. Шамамен осы биіктікте жақтың жоғарғы және төменгі қиылысы орналасады. әрі қарай самай сүйектері және сіңірлі бұлшықеттің төменгі жақ ойық жоспары, кейін бет сүйектері, төбе, құлақ т.б. жоспарлар кетеді. Басты әр түрлі жарықтануда мүсіндеу керек. Профильдік бейнеленудің бастың төртжақты бұрылыста бейнеленуінен айырмашылығы орташа жазықтығын фонға паралель таптайды, ал оған бірнеше бұрылыстан кейін табады. Берілген бөлімнің авторы төртжақты бұрылыстағы бедерлі бастың орындалуының бірнеше кезеңдері жасады.

Көлемді мүсін және бедер- нұсқаның үшжақты бейнелеу негізінде жататын, пластиканың бір түрі. Жұмыр мүсін заттарды шынайы кеңістікте көрсетуге, олардың биіктігі бойынша шынайы көлемді өлшемдерін, енінен және тереңдігінен көрсетуге шақырады.

Ал бедерде тек екі өлшем- биіктігі мен ені. Бейнеленудің тереңдігіне байланысты рельефтер екіге бөлінеді: горельеф және барельеф. Барельефте жұмыр мүсіннің шынайы тереңдігінің $\frac{1}{3}$ шамасында құрылады.

Мүсіндік рельефті бейнелер көрерменге көлемді сияқты қабылдану керек. Осыдан бедердің бейнелеу өнері түрінің бірі сияқты шарттылықты туады. Мүсіндік бедер шынайы көлемді форманы тереңірек ұғыну негізінен тұрады. Адам басының бедерін мүсіндеу: сол гипстік классикалық үлгіден орындалады.

Бас сүйектің конструкциясын еске ала, бастың беттік және ми бөліктерінің, мойын және бастың негізгі массаларының қатынасын орналастырады. Жұмыс «обрубковка» «қима бас» әдісімен құрылу керек. Одан кейін беттік бұрыш анықтайды: Беттік бұрыш бетік бөлікпен бассүйек қорабының өзара орналасуын көрсетеді.

Бас сүйектің анатомиялық құрылымынан қарасақ, бастың сегіз негізгі көлем өлшімін анықтаймыз осылардың негізінде бедер құрылады:

1. құрын қалыңдығы; 2. маңдай ойыстары арасындағы қашықтық; 3. Ауыз кеңдігі; 4. бастың сыртқы қабақтың шеті арасындағы қашықтық; 5 төменгі жақ бұрыштарының арасы; 6. бет сүйегінің арасы; 7. төбе сүйек арасы; 8. құлақ арасы. Бедерде көлемдер бөлек жоспарларды қою әдісімен құрылады, ең шетті жоспардан (мұрын) бастап ары қарай бірінен кейін бірі кете береді.

Бас сүйек формасы мен бет бөліктерінің көз, мұрын, ауыз, құлақ формасын дәл анықтау керек, олардың кеңістікте және пропорцияларының өзара орналасуы керек, натураның мінез-құлық жайында анық көрсету керек. Басты толық жабық көлемді мінез құлқын сақтай отырып, конструктивті бөліктердің өзара байланысы негізінде құру керек. Жұмыс кезінде үнемі бет көлемінің симметриялығын және бастың орта сызығының орналасуын бақылау керек.

Практикалық сабаққа дайындық бойынша білім алушыларға әдістемелік ұсынымдар:

1. Пропорция ұғымына сипаттама бер.
2. Пластикалық анатомияның зерттеу тәсілдері қандай?
3. Профильдік барельефті портрет жасау әдісі қандай?
4. Портрет. Барельеф.
5. Барельеф. Адам басының анатомиясына сай жеке адам ерекшелігін көрсету.

Пысықталатын оқу мәселелерінің және студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмаларының тізбесі:

1. Студенттер 4 адамнан бөлініп бір-бірінің барельеф портретін орындауы тиіс; плитаны жасау, оған профильдік суретті салу ; 40*30 см. өлшемде бас және мойынды енгізіп, көлемді жапсыру, адамның мінездемесін, пішінін аудармай орындау.

Ақпараттық қамтамасыз ету және жабдықтар:

Суреттер, қара қалам, өшіргіш, журналдар, қағаз (формат), эскиздер, дәптер, пластилин, қалам, құрал саймандар.

Пайдаланылған әдебиеттер мен Web сайттар тізімі:

1. Голубкина А.С. Несколько слов о ремесле скульптора. Сов. Художник. 1960г.
2. Чайков И.М. Лепка и формовка скульптуры М.»Искусство» 1953г.
3. Крестовский И.В. Скульптура М., Профиздат 1960г.
4. Каменский А.А., Коненков С.Т. «Советский художник» 1962г. 326стр.
5. Минина В.Б., Николай Томский. «Искусство» 1980г. 326 стр.
6. Балашева Е. «Скульптура»/беседа из цикла/ как надо понимать искусство творчество 1960г. №6
7. Вигин В.А. Как лепить животных. Художник. 1962г. №25
8. Коненков С.Т. Уроки Родена. Огонек 1965г. №41

4-тақырып: Бір фигуралы композиция.

Жоспар: Бір фигуралы композиция

Сабақтың мақсаты: Студенттердің теориялық курстың лекцияларында алған білімін бекіту, тереңдету, кеңейту. Болашақ мамандарды тәрбиелеуде бейнелеу өнері теориясына ғылыми қызығушылығын тудыру.

Қысқаша теориялық мәліметтер: Фигураны мүсіндеуде оның бөліктеріне бірдей қимылды бермеуге тырысу керек, өйткені олар бірдей бұрыштарды құрайды, әсіресе түзулер; мұндай геометриялық фигуралар дене айналасында композиция қимылын және айқындылықты күшейте алмайды, өйткені контурға қаталдылықты көрсетеді және оны біртұтастық пен гармониялықтан айырады. Мүсінде негізінде төрт материалды қолданады: ағаш, мәрмәр, қола және терракота.

Жұмыр мүсінде бір фигураны жасаған кезде, онда композиция қиыншылығы үлкен емес, немесе барлық жағынан позаны көріп және түсінуге оңай. Бірфигуралы сюжет үшін әрқашанда қарапайым позаны таңдағаны жөн; сонымен бірге олар барлық жағынан мүсінге тән немесе

мүсінше үшін бірінші шарт- бұл оны жақсы тұрғандығы, мықты және бекем орналасқан, сонымен бірге теңдескен болуы керек, көрерменде оның беріктігіне күмән келмеуі керек.

Мүсіндік бедердегі мүсіншемен жұмыс істегенде, көптеген студенттер мазмұны мен композициясы мәселелеріне көп назар аудармайды. Көбінде мүсіншелер біртипті заттың формасы бойынша дөңгеленгенді кіргізеді.

Натюрмортты тақырыптық принципінде құруға кеңес береді. Ол әртүрлі мазмұнда болуы мүмкін.

Бір фигуралы композицияны оның гипстік түпнұсқадағы дәл өлшемімен жапсыру керек, ол үшін дәл сол форматта ағаш тақтайша қолдану керек. Көжиек сызығы өрнектің ортасынан өту үшін гипстік үлгімен оқу жұмысын бір биіктікте қойып жапсыру керек. Жапсыру кезінде әрқашанда тұріп жапсырады. Өрнекті жапсыруда фонын жасаудан бастайды. Биіктігінен алынған фонды әдемілеп түзулейді. қисық, бұдыр, түзуленбеген фонға қаншалықты керемет рельефті композицияны айқын көрсетпейді.

Фон орындалып болған соң, оны ені мен ұзындығы бойынша орнатып, оған ұшалған қарындаштың ұшымен дәл сурет өрнегін түсіреді. Бір фигуралы композиция суреті фонға қатысты қатты көтеріңкі немесе керісінше түсіңкі, немесе өте кішкентай болмауы керек. Суреттің дұрыс орнатылғанын тексергеннен кейін, студент жұмыстың келесі кезеңіне өтемін.

Суретті салып болған соң, өрнекті жапсыруды рельефтің ең кішкентай бөліктерінен бастап, бірте-бірте ең үлкеніне дейін жетеді. Рельефті тегістеуде өрнектің барлық көлемі бойынша жасау керек, бар модельді бірден жапсыру керек. Бұл бір біріне қатынасы бойынша рельеф бөліктерінің пропорциясын дұрыс табуына мүмкінді береді.

Тұлғаны мүсіндеу кезіндегі бастысы – бұл адам қаңқасының анатомиялық құрылымын және оның пропорциясын бере білу. Дененің ірі бөліктерінің пропорциясын көрсетуде бірден дұрыс алу керек, мысалы бастың және аяқ кеуде өлшемдерінің қатынасын қою керек.

Көлемді форманы мүсіндеу кезінде бағдар болып ось немесе бүкіл тұлғаның профильді сызығы қызмет етеді. Каркасқа балшықты жапсыруда, алдыңғы және артқы осьті белгілеу керек. Мүсіндеу кезінде негізгі жоспарды дұрыс анықтау өте маңызды. Бұдан барлығы фигураның қимылын анықтаудан тәуелді. Бұл кезеңде фигураны мүсіндеу керек. Жоғарғы аяқтарын мүсіндеу кезінде жауырын мен бұғанаға көңіл аудару керек. Кейін тағы бір рет жоғарғы аяқтарымен иық белдеулерінің танитын нүктелерін тексеру керек. Мүсіндеуді аяқтау кезінде тұлғаны тұтас беруінде тірек жасалады. Форманы модельдеу кезінде жиі этюдтен кетуден кеңес береді.

Жұмыр мүсінде бір фигураны жасаған кезде, онда композиция қиыншылығы үлкен емес, немесе барлық жағынан позаны көріп және түсінуге оңай. Бірфигуралы сюжет үшін әрқашанда қарапайым позаны таңдағаны жөн; сонымен бірге олар барлық жағынан мүсінге тән немесе мүсінше үшін бірінші шарт- бұл оны жақсы тұрғандығы, мықты және бекем

орналасқан, сонымен бірге теңдескен болуы керек, көрерменде оның беріктігіне күмән келмеуі керек.

Практикалық сабаққа дайындық бойынша білім алушыларға әдістемелік ұсынымдар:

1. Пропорция ұғымына сипаттама бер.
2. Пластикалық анатомияның зерттеу тәсілдері қандай?
3. Профильдік барельефті портрет жасау әдісі қандай?
4. Портрет. Барельеф.
5. Балшықты тақтай бетіне жапсыру әдісі қандай?
6. Дене біртұтас қозғалмалы бірлігі.

Пысықталатын оқу мәселелерінің және студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмаларының тізбесі:

1. 20-25 см. өлшемінде пластилиннен денесінің композициялық шешімін табу.

Ақпараттық қамтамасыз ету және жабдықтар:

Суреттер, қара қалам, өшіргіш, журналдар, қағаз (формат), эскиздер, дәптер, пластилин, қалам, құрал саймандар.

Пайдаланылған әдебиеттер мен Web сайттар тізімі:

1. Мамизер М. Скульптор о своей работе. Искусство 1952г.
2. Колпинский Ю. Искусство Греции эпохи расцвета М.Л.1937г.
3. Рабинович К.Монье 1936г.
4. Аркин Д. Монументальная скульптура Ленинграда 1948г.

5 тақырып: Түрегеліп тұрған ер кісінің мүсіндік этюді.

Жоспар: Адам денесі формаларының құрылымы.

Сабақтың мақсаты: Студенттердің теориялық курстың лекцияларында алған білімін бекіту, тереңдету, кеңейту. Болашақ мамандарды тәрбиелеуде бейнелеу өнері теориясына ғылыми қызығушылығын тудыру.

Қысқаша теориялық мәліметтер: Суретшілер үшін адам әрқашанда – бейнелеудің басты объектісі болып келді және бола береді. Адамды бейнелеу үшін, оның дұрыс келбетін беру үшін ең алдымен адам денесі формаларының құрылымын, олардың қалыптасу заңдылықтарын айқын білу қажет. Адам тұрқын бейнелеу жұмысында суретшінің сенімді көмекшісі анатомия болып табылады.

Бұл шындықты суретшілер баяғыда-ақ түсінген болатын. өткен заманның көптеген аса көрнекті шеберлері хирургиялық операцияларға тікелей қатыса отырып, анатомияны зерттеді. Леонардо да Винчидің, Микеланджелоның, Рубенстің, Рембрандтың, Рафаельдің анатомиялық суреттемелері сақталған. Орыс суретшілері – Кипренскийдің, Брюлловтың, Рубенстің, Рембрандтың, Рафаельдің анатомиялық суреттемелері сақталған. Орыс суретшілері- Кипренскийдің, Серовтың жұмыстары үлкен анатомиялық мәдениетпен ерекшеленеді. Совет мүсіншісі Коненков, живописьші В.Яковлев және басқалар анатомиялық маңдай алды білгірлері болды.

Суретшіге қажетті анатомия бөлігі *пластикалық анатомия* деп аталады (гректің *plastike* – «мүсіндеу» және *anatemno* – «кесемін» деген сөзінен шыққан.) Пластикалық анатомия ішкі органдарды зерттемейді. Оны дененің сыртқы формасын түзетін – скелет, бұлшық ет және тері жамылғылары ғана қызықтырады.

Пластикалық анатомия ең алдымен сүйек қаңқасын- адам денесінің құрылысын, көлемі мен пропорцияларын айқындайтын скелетті зерттейді. Скелет (1 сурет) мынадай негізгі бөліктерге бөлінеді: бас скелеті (бас сүйегі), кеуде скелеті және қолдар мен аяқтар скелеті. Кеуде скелеті омыртқа жотасынан (1) жән өз кезегінде қабырғалар (2) мен төстен (3) тұратын кеуде қуысынан тұрады. Кеуде скелетіне иық белдеулігі түйісіп жатады, оның құрамына жауырындар (4) мен бұғаналар (5) және жамбас белдеуі (6) кіреді. Иық белдеуімен буындар арқылы қолдар, жамбаспен аяқтар байланысқан, сондықтан олар қол- аяқ скелетіне жатады.

Омыртқа жотасын- барлық кеуде сүйектері жымдасып біткен негізгі конструкциялық вертикаль деп айтуға болады. Ол жекелеген сүйектерден- иілгіш жүйеге біріктірілген омыртқалардан тұрады. Жоғарғы жеті омыртқа – мойын негізі, сондықтан да олар мойын омыртқалар деп аталады. Қабырғалар бекітілетін келесі он екі көкірек омыртқалары, келесі алтауы- бел омыртқа деп аталады. Одан кейін бес сегізкөз омыртқалары және төрт немесе бес кішкентай құйымшақ омыртқалары орналасады. Сегізкөз омыртқалары өзара тұтасады да бір сүйекті – сегізкөзді (7) құрайды. Құйымшақ омыртқалары да тұтасып, құйымшақты (8) құрайды. Омыртқа жотасының, егер оған бүйірінен қарайтын болсақ, бірқатар бүгілістері бар, соның өзінде мойын және бел бөлігіндегі бүгілістер алға қарай, ал көкірек пен сегізкөз- құйымшақ бөлікерінде артқа қарай иілген.

Кеуде қуысы 12 омыртқадан, сонша пар қабырғалардан және төстен тұрады. Қабырғалар өздерінің артқы ұштарымен омыртқалармен буындасады. Алдыңғы жағынан жоғарғы жеті пар қабырға- олар нағызқабырғалар деп аталады. – төспен буындасады. Келесі бес пар төспен буындаспайды да жалған қабырғалар деп аталады. Осы жалған қабырғалардың ішінен үш жоғарғы парлар оң жақтағы және сол жақтағы қабырға доғаларын (9) жасай отырып, бір –бірімен бірігеді. Олар түзген бұрыш төс асты бұрышы деп аталады. Ең төменгі екі қабырға өте қысқа және өздерінің алдыңғы ұштарымен ешқайда бірікпей, бұлшық еттер арасында толық қалып қояды.

Төс- жалпақ сүйек, оған жоғарғы жеті пар қабырғалар түйіседі, үш бөліктен: жоғарғы – тұтқа (10), ортаңғы – дене (3) және төменгі кішкентай бөлік – семсер тәріздес өскеннен (11) тұрады.

Тұтқаның жоғарғы бөлігі мойын негізіндегі төс ойығы деп аталатынды шектейді. Кеуде қуысы қимылы шектеулі және қимыл-қозғалыс кезінде өз формасын ішінара өзгертеді.әр түрлі адамдарда оның өзіндік жеке –дара ерекшеліктері бар: салыстырмалы түрде алғанда томпақ немесе еңіс, кең немесе тар, биік немсе аласа, төс асты бұрышы үшкір немесе доғал болып келуі мүмкін.

Қол-аяқ негізгі екі бөліктен – белдеуден және еркін қозғалатын сүйектерден тұрады. Жоғарыда айтып өткеніміздей иық белдеуіне жауырын (4) мен бұғана (5) жатады, ал еркін қозғалатын сүйектерді иық (12), білек (13) және қол басының сүйектері (14) құрайды. Анатомияда иық деп күнделікті сөзде айтылатын мағынасындағыдан басқа нәрсе аталатынын анықтап айта кеткен дұрыс.

Жауырын – формасы жағынан үшбұрышқа жақын, жалпақ сүйек. Жауырынның жоғарғы сыртқы бұрышының буын ойығы бар, оған иық сүйегінің басы кіреді. Бұл бұрыш алға шығатын иық өскінімен (15) бітеді, ол бұғанамен бірігеді.


Токпан жілік (16) ұштары жуандаға түтік түрінде болады. Сүйектің жоғарғы жуандаған жері (басы) жауырынның буын ойығымен буындасып, буын құрайды. Сүйектің төменгі аяғында айдаршық деп аталатын буын сіңірлері бар екі өскіні болады. Айдаршықтар буын арқылы білектің екі сүйегімен – ішкі жағынан орналасқан шынтақ жілікпен (17) және сыртқы жағынан орналасқан кәрі жілікпен (18) бірігеді. Қол басының сүйектері, үш бөлікке: білезік (19), алақан (20) және саусақ сүйектерге бөлінеді. Білезік сүйектері сегіз ұсақ сүйектен, алақан сүйектері бес ұсақ сүйектерден тұрады; саусақтар: бас бармақ-екі, ал қалғандары- үш бақайшықтан тұрады.

Аяқ сүйектері белдеуі бүйілерінде ұршық ойыстары бар жамбас сүйектен (6) құралады. Олар жамбас – сан буындарын түзуге қатысады. Жамбас сүйек сегізкөз бен құйымшақпен бірге жамбасты- бүкіл тұлғаның формасын елеулі айқындайтын тұйықталған қатты сүйек сақинасын түзеді. Еркек пен әйелдің жамбасы өз құрылысында айтарлықтай ерекшеленеді: әйел жамбасы еркек жамбасына қарағанда төмен және ендірек келеді.

Сан сүйегінің (ортан жілік) (22) жоғарғы ұшында екі ұршығы (23) болады, олардан жамбас сүйекпен буын арқылы біріккен жылық басы (24) бітетін мойын кетеді. Ортан жіліктің төменгі ұшында тізе буындарын түзетін екі айдаршық (25) болады. Айдаршықтардың үстіне тізе тобығы (26) орналасады.

Балтыр екі сүйектен- асық жіліктен және шыбық сүйегінен (27) тұрады. Асық жілік біршама жуан және ол балтырдың ішкі жағында тұрады. Оның жоғарғы ұшының екі айдаршығы болады, төменгі ұшында ішкі тобық (28) орналасқан. Шыбық сүйегінің төменгі бөлігінде сыртқы тобық (29) болады. Ол ішкі тобықтан түсіп тұрады.

Табанды буындармен біріккен көптеген ұсақ сүйектер түзеді. ол үш бөлікке- толарсаққа (30), табан сүйектеріне (31) және саусақтарға (32) бөлінеді. Толарсақты жеті сүйек, табан сүйектерін бес сүйек құрайды. Аяқтардың саусақтары, қолдың саусақтары сияқты, бақайшықтардан: бармақ-екі, қалғандарды – үш бақайшықтан тұрады. Табанның құрылысы күмбез тәрізді келеді, мұның өзі оның серіппелік қызметін қамтамасыз етуде маңызды роль атқарады.



1 сурет Адам скелеті

Бірінші кезеңде негізгі сызығын табу керек, бұл сызық позада негізгісі болып табылады. Бұл үшін төс ойығының ортасынан еденге дейін вертикальды түсіріп белгілейміз. Осы вертикаль нүктесін белгілеп, иық арасынан балшық бөліктерін жапсырамыз. Арқасындағы негізгі сызық оның бүкіл тұлғасындағы беломыртқа тірегін білдіреді, ал төменірек – аяқтың негізгі бағыты. Бұл сызық өзінің барлық тірек нүктелерінде және тереңдеу қылып фигураның негізгі сызығымен қиылысады. Мүсінші үшін фигураның артқы негізгі сызығы үлкен мәнді алады, өйткені біз омыртқа тірегін қаңқаның басты және орталық бөлігі сияқты қарастырамыз.

Тұлғаны мүсіндеу кезіндегі бастысы – бұл адам қаңқасының анатомиялық құрылымын және оның пропорциясын бере білу. Дененің ірі

бөліктерінің пропорциясын көрсетуде бірден дұрыс алу керек, мысалы бастың және аяқ кеуде өлшемдерінің қатынасын қою керек.

Мүсіндік станокқа орналастырылған ағаш тақтайшада жасалынады. Мүсінші үшін модельдің $\frac{1}{2}$ шынайы үлкендігінен каркас дайындау керек. Бастапқыда ағаштан қалыңдығы 20-25 мм кем емес тақтайша (өлшемі 290x270 мм) жасалынады. Қатты темір пруттан арақашықтығы 10-12 мм торман жасалынған каркасты тақтайшаға орналастырады. Бастапқыда пруттан жан жағы 90 мм үшбұрыш форманы майыстырып жасап алады. Кейін үшбұрышты негізге перпендикулярлы болатындай етіп прутты тігінен майыстырады. Пруттың жоғарғы бөлігі овальді формаға айналады. Щитокқа каркасты үшбұрышты негізді ортасына емес, шетіне жақындау фасадты жағына жылжытып орналастырады.

Каркастың үшбұрышты негізінің фасадты жағы щитканың шетіне паралель болуы керек. Мұндай каркас негізін щитоктың шетіне қарай жақындатуы бас сүйектің ми сауытынан бет бөлігінен үлкен екендігін білдіреді. Каркасты тақтайшаға бекіту үшін темір қысқыштарды қолданады, оларды каркас негізінің үш бұрышынан орналастырады. Каркас пен жұмыс орнын дайындап болған соң, бас сүйекті жақыннан барлық жағынан қарап, бас сүйек конструкциясын, оның формаларын зерттеуге кіріседі. Мүсіндеуді сазбалшықты плинтті жапсырудан бастайды, бас сүйектің пропорциясын орналастырады.

Бұл мүсіндерді көшіру қысқа мерзімде жұмыстың технологиялық жағын меңгеріп қана қоймай, сонымен бірге мүсін өнерінің тілін ұғынуға мүмкіндік береді.

Гипстік модельді 8-10 студентке есептеп қояды. Сабақ кезінде оны сағат тіліменайналдырып қояды. Мүсіндік станоктар моделаиналасына студенттер жұмысын айнала алатындай арақашықтықтан орналастырады.

Тұлғаны балшықты тақтаға төсеуді мүсіндеуден басайды, оның қалыңдығы ойдағы композиция есебімен алады. Плинт дайындалып болған соң, тұлғаның қойлымына кіріседі, ары қарай қимылдарды анықтайды, пропорцияны және олардың жалпы бірыңғайлылыққа тәуелділігін анықтайды. Тұлғаны мүсіндеу кезінде модельдің қимылын және мінез құлқын сезіну маңызды және мұны пластикалық формалар және көлемдердің қатынасы арқылы беру керек.


Көлемді форманы мүсіндеу кезінде бағдар болып ось немесе бүкіл тұлғаның профильді сызығы қызмет етеді. Каркасқа балшықты жапсыруда, алдыңғы және артқы осьті белгілеу керек. Мүсіндеу кезінде негізгі жоспарды дұрыс анықтау өте маңызды. Бұдан барлығы фигураның қимылын анықтаудан тәуелді. Бұл кезеңде фигураны мүсіндеу керек. Жоғарғы аяқтарын мүсіндеу кезінде жауырын мен бұғанаға көңіл аудару керек. Кейін тағы бір рет жоғарғы аяқтарымен иық белдеулерінің танитын нүктелерін тексеру керек. Мүсіндеуді аяқтау кезінде тұлғаны тұтас беруінде тірек жасалады. Форманы модельдеу кезінде жиі этюдтен кетуден кеңес береді. Жұмыр мүсінде бір фигураны жасаған кезде, онда композиция қиыншылығы үлкен емес, немесе барлық жағынан позаны көріп және

түсінуге оңай. Бір фигуралы сюжет үшін әрқашанда қарапайым позаны таңдағаны жөн; сонымен бірге олар барлық жағынан мүсінге тән немесе мүсінше үшін бірінші шарт- бұл оны жақсы тұрғандығы, мықты және бекем орналасқан, сонымен бірге теңдескен болуы керек, көрерменде оның беріктігіне күмән келмеуі керек.

Бас сүйектің анатомиялық құрылымынан қарасақ, бастың сегіз негізгі көлем өлшемін анықтаймыз осылардың негізінде бедер құрылады:

1. құрын қалыңдығы; 2. маңдай ойыстары арасындағы қашықтық; 3. Ауыз кеңдігі; 4. бастың сыртқы қабақтың шеті арасындағы қашықтық; 5 төменгі жақ бұрыштарының арасы; 6. бет сүйегінің арасы; 7. төбе сүйек арасы; 8. құлақ арасы. Бедерде көлемдер бөлек жоспарларды қою әдісімен құрылады, ең шетті жоспардан (мұрын) бастап ары қарай бірінен кейін бірі кете береді.

Мүсіндеуді шеткі жоспардан бастайды. Бастапқыда сурет өлшеммен мұрынның жалпақтығынан жасайды. Екінші жоспарда маңдай ойыстары өзінің орналасуына сәйкес фонға перпендикулярлы жүреді. Келесі кезеңде көз қиыңын сомдайды. Шамамен осы биіктікте жақтың жоғарғы және төменгі қиылысы орналасады. әрі қарай самай сүйектері және сіңірлі бұлшықеттің төменгі жақ ойық жоспары, кейін бет сүйектері, төбе, құлақ т.б. жоспарлар кетеді. Басты әр түрлі жарықтануда мүсіндеу керек. Профильдік бейнеленудің бастың төртжақты бұрылыста бейнеленуінен айырмашылығы орташа жазықтығын фонға параллель таптайды, ал оған бірнеше бұрылыстан кейін табады. Берілген бөлімнің авторы төртжақты бұрылыстағы бедерлі бастың орындалуының бірнеше кезеңдері жасады. Бұны 2 суреттің а,б,с,д, көресіздер.



1- сурет $\frac{3}{4}$ бұрылымда орындалған мүсіндік бастың кезеңділік бедері

Практикалық сабаққа дайындық бойынша білім алушыларға әдістемелік ұсынымдар:

1. Дінгек каркас дегеніміз не?
2. Дененің өзінің өзіндік ерешелігін табу.
3. Дене біртұтас қозғалмалы бірлігі.

Пысықталатын оқу мәселелерінің және студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмаларының тізбесі:

Түргеліп тұрған ер кісінің нұсқасына қарап жапсыру

Ақпараттық қамтамасыз ету және жабдықтар:

Суреттер, қара қалам, өшіргіш, журналдар, қағаз (формат), эскиздер, дәптер, пластилин, қалам, құрал саймандар.

Пайдаланылған әдебиеттер мен Web сайттар тізімі:

1. Голубкина А.С. Несколько слов о ремесле скульптора. Сов. Художник. 1960г.
2. Чайков И.М. Лепка и формовка скульптуры М.»Искусство» 1953г.
3. Крестовский И.В. Скульптура М., Профиздат 196(г).
4. Каменский А.А., Коненков С.Т. «Советский художник» 1962г. 326стр.
5. Минина В.Б., Николай Томский. «Искусство» 1980г. 326 стр.
6. Балашева Е. «Скульптура»/беседа из цикла/ как надо понимать искусство творчество 1960г. №6

6 - тақырып: Портрет /көлемді жапсыру/.

Жоспар: Көлемді мүсін және бедер

Сабақтың мақсаты: Студенттердің теориялық курстың лекцияларында алған білімін бекіту, тереңдету, кеңейту. Болашақ мамандарды тәрбиелеуде бейнелеу өнері теориясына ғылыми қызығушылығын тудыру.

Қысқаша теориялық мәліметтер: Көлемді мүсін және бедер-нұсқаның үшжақты бейнелеу негізінде жататын, пластиканың бір түрі. Жұмыр мүсін заттарды шынайы кеңістікте көрсетуге, олардың биіктігі бойынша шынайы көлемді өлшемдерін, енінен және тереңдігінен көрсетуге шақырады.


Ал бедерде тек екі өлшем- биіктігі мен ені. Бейнеленудің тереңдігіне байланысты рельефтер екіге бөлінеді: горельеф және барельеф. Барельефте жұмыр мүсіннің шынайы тереңдігінің 1/3 шамасында құрылады.

Мүсіндік рельефті бейнелер көрерменге көлемді сияқты қабылдану керек. Осыдан бедердің бейнелеу өнері түрінің бірі сияқты шарттылықты туады. Мүсіндік бедер шынайы көлемді форманы тереңірек ұғыну негізінен тұрады. Адам басының бедерін мүсіндеу: сол гипстік классикалық үлгіден орындалады.


Бастың оқу рельефімен жұмыс істеуде фоннан бастайды. Рельеф көлемінің тереңдігінің перспективалық қысқарту принциптері бойынша жасалынады. Рельефті бейнелердің көлемінің негізіне «алтын кеспе» формуласы бойынша 2:3:5:8:13:21 т.б. қысқартулар қабылданған. Бедерлердің құрылу заңдылықтарының бәрін жоспардағы заттардың проекциясының бейнеленуі кезінде байқауға болады.

Бедерде басты қырынан бейнелеуді қолдану бұл бірінші кезекте бастың орташа жазықтық жайын анықтау қажет. Егер жұмыр мүсінде орташа жазықтықтың бастың барлық көлемін тең екі бөлікке бөледі. (1 сурет), кейде профильді бейнелеуде орташа жазықтық фонға жақынырақ болады және де бедердің барлық көлемін 3:5 қатынасына бөлінеді (2 сурет)

. Мүсіндеуді шеткі жоспардан бастайды. Бастапқыда сурет өлшеммен мұрынның жалпақтығынан жасайды. Екінші жоспарда маңдай ойыстары өзінің орналасуына сәйкес фонға перпендикулярлы жүреді. Келесі кезеңде көз қиыңын сомдайды. Шамамен осы биіктікте жақтың жоғарғы және төменгі қиылысы орналасады. әрі қарай самай сүйектері және сіңірлі бұлшықеттің төменгі жақ ойық жоспары, кейін бет сүйектері, төбе, құлақ т.б. жоспарлар кетеді. Басты әр түрлі жарықтануда мүсіндеу керек. Профильдік бейнеленудің бастың төртжақты бұрылыста бейнеленуінен айырмашылығы орташа жазықтығын фонға параллель таптайды, ал оған бірнеше бұрылыстан кейін табады. Берілген бөлімнің авторы төртжақты бұрылыстағы бедерлі бастың орындалуының бірнеше кезеңдері жасады.



1 сурет Бедерлі көлемінің симметриялы жазықтығының орналасуы



2 сурет Бедерде симметрия орналасуы

Бас сүйегі қаңқасы өзінің формасының өте күрделілігімен, әр сүйегінің бір-бірімен ерекше жымдасуымен көзге түседі. Жалпы қаңқа екіге бөлінеді: жоғарғы бөлігін ми сауыты, ал төменгі бөлігін бет бөлігі дейміз.

Ми сауытының атқаратын қызметі- миды сыртқы әсерден, соққыдан қорғау, ал төменгі бөлігінен тыныс алу, ас қорыту системалары басталады. Сонымен қатар көру, есіту, иіс, дәм сезу мүшелері орналасқан. Бұл екі бөлік маңдай сүйегі мен жоғарғы жақ сүйегінің жігі арқылы бөлінеді. Жалпы ми сауыты бірнеше сүйектердің жиынтығынан тұрады, олар: маңдай, самай, төбе, шүйде, және сына сүйектері.

Маңдай сүйегі (лобная кость) бастың алдыңғы бөлігін құрайды. Ол екі көз шүңірегі, мұрын және жазық келген қабыршақ бөлігінен тұрады. Көз шүңіректері көз шарасының жоғарғы қабырғасын түзеді, ал мұрын бөлігі мұрынның кеңсірік сүйегімен жалғасады. Маңдай сүйегінің тек адамға тән екі шығыңқы денесі болады, одан төменірек қос қас доғасы жатады. Сондай-ақ бұл сүйек артқы жағында қос төбе сүйегімен, екі жанында самай сүйектерімен ирелек бітімді жік арқылы жалғасады.

Самай сүйегі (височная кость) жұп болады. Ол ми сауытының екі жақ сүйір бөліктерін құрайды. Самай сүйектері жоғарғы жағында төбе, арт жағында шүйде, төменгі жағында бас қаңқасының негізі болып табылатын сына және шықшыт сүйектермен байланысады. Алдыңғы тұсында маңдай сүйегімен жымдасады. Бұл сүйекте негізінен адамның есіту органы орналасады.

Төбе сүйегі (теменная кость) самай сүйегі сияқты жұп болады. Ми сауыттың төбе және екі бүйір бөлігін құрайды. Сүйектің алдыңғы жиегі маңдай, төменгі жиегі самай, артқы жиегі шүйде сүйектерімен шектеседі. Төбе сүйегінің жалпы пішіні төртбұрышқа ұқсас келеді.

Шүйде сүйегі (затылочная кость) ми сауытының артқы жағын құрайды. Шүйде сүйегінің үлкен тесігінің айналасында оның төрт бөлігі жатады. Алдыңғы жағында – негізгі, екі жанында бүйір бөлігі, арт жағында – қабыршақ бөлігі. Бүйір бөлігіндегі екі сопақша келген дөңес осіндегі ауыз омыртқаның буыны ойыса жалғасады.

Қабыршақ бөлігінің ішкі беті жайдақ төрт ойысқа бөлінген, оның жоғарғы екі ойысына мидың шүйде бөлігі сай келсе, төменгі екі ойысына мишық бөліктері сай келеді. Шүйде сүйегі алдында сына, екі жағында самай және төбе сүйектерімен жалғасып жатады.

Бас сүйектің анатомиялық құрылымынан қарасақ, бастың сегіз негізгі көлем өлшемін анықтаймыз осылардың негізінде бедер құрылады:

1. құрын қалыңдығы; 2. маңдай ойыстары арасындағы қашықтық; 3. Ауыз кеңдігі; 4. бастың сыртқы қабақтың шеті арасындағы қашықтық; 5. төменгі жақ бұрыштарының арасы; 6. бет сүйегінің арасы; 7. төбе сүйек арасы; 8. құлақ арасы. Бедерде көлемдер бөлек жоспарларды қою әдісімен құрылады, ең шетті жоспардан (мұрын) бастап ары қарай бірінен кейін бірі кете береді.

Бас сүйектің конструкциясын еске ала, бастың беттік және ми бөліктерінің, мойын және бастың негізгі массаларының қатынасын орналастырады. Жұмыс «обрубка» «қима бас» әдісімен құрылу керек. Одан кейін беттік бұрыш анықтайды: Беттік бұрыш бетік бөлікпен бассүйек қорабының өзара орналасуын көрсетеді.

Бас сүйек формасы мен бет бөліктерінің көз, мұрын, ауыз, құлақ формасын дәл анықтау керек, олардың кеңістікте және пропорцияларының өзара орналасуы керек, натураның мінез-құлық жайында анық көрсету керек. Басты толық жабық көлемді мінез құлқын сақтай отырып, конструктивті бөліктердің өзара байланысы негізінде құру керек. Жұмыс кезінде үнемі бет көлемінің симметриялығын және бастың орта сызығының орналасуын бақылау керек.

Бастың көлемін және оның формасы шар тәрізді келуінде болады. Маңдай бөлігі бес жазықтықтан тұрады: фронтальді, екі шеткі және екі биікті жақ көз жанары шар тәрізді домалақ келеді. Жоғарғы және төменгі жағы көз қабағы мен көз қалташығынан тұрады. Көз алмасының қимылы, астыңғы қабағы өзгертеді. Мұрын келбеті сияқты төрт жазықтықтан тұрады. Бұлшықет сүйектері беттің орта бөлігінде орналасқан, астыңғы бет жақтармен бастың формасымен пропорциясына көп әсерін тигізеді.

Модельдің жарығы бастың формасын, объемін шығаруға көмектеседі.

Практикалық сабаққа дайындық бойынша білім алушыларға әдістемелік ұсынымдар:

1. Анатомиялық құрылымына анализ жасау.
2. Портреттік ерекшелігін ашу.
3. Дене біртұтас қозғалмалы бірлігі.

Пысықталатын оқу мәселелерінің және студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмаларының тізбесі:

Каркас - дінгекті дайындау. Балшықты бекітіп, жалпы түбі көлемді белгілеу. Кеңістіктегі байланысты ескеріп, бас, мойын және дене қатынастарын табу. Анатомиялық құрылымына анализ жасау. Портреттік ерекшелігін ашу. Жұмысты тиянақтау, барлық бөліктерді жалпы біртұтастыққа бағындыру

Ақпараттық қамтамасыз ету және жабдықтар:

Суреттер, қара қалам, өшіргіш, журналдар, қағаз (формат), эскиздер, дәптер, пластилин, қалам, құрал саймандар.

Пайдаланылған әдебиеттер мен Web сайттар тізімі:

1. Павлов Г.М., «Пластическая анатомия» М., 1948г.
2. Дювало М. «Анатомия для художников» 1936г.
3. Тихонов М.Т. «Курс пластической анатомии» 1906г.
4. Иваницкий М.Ф. «Очерки пластической анатомии человека» М., 1955г.
5. Карузии П.И. «Руководство по пластической анатомии» выл. I,
6. «О размерах, роста и пропорциях человеческого тела» Риз, 1921 г.
7. Лысенков С. «Пластическая анатомия» Искусство, 1937г.
8. Барчай В. «Анатомия для художников» Будапешт

7-тақырып: Бас сүйекті мүсіндеу.

Жоспар: Бастың пластикалық анатомиясы

Сабақтың мақсаты: Студенттердің теориялық курс лекцияларында алған білімін бекіту, тереңдету, кеңейту. Болашақ мамандарды тәрбиелеуде бейнелеу өнері теориясына ғылыми қызығушылығын тудыру.

Қысқаша теориялық мәліметтер:

Адам басын салу – бұл күрделі жұмыс. Қандай затты болмасын, немесе адамды, жан-жануарды бейнелеген кезде оның ішкі құрылысынан мағлұматымыз болу керек. Бастың құрылысы бас сүйегі –қаңқасынан және бас еттерінен тұрады. Осы бастың пластикалық анатомиясын жете оқып

білмейінше біз дұрыс бейнелей алмаймыз. Сонымен, бас сүйегі құрылысы мен –бас еттерін қарастырайық.

Бас сүйегі қаңқасы өзінің формасының өте күрделілігімен, әр сүйегінің бір-бірімен ерекше жымдасуымен көзге түседі. Жалпы қаңқа екіге бөлінеді: жоғарғы бөлігін ми сауыты, ал төменгі бөлігін бет бөлігі дейміз.

Ми сауытының атқаратын қызметі- миды сыртқы әсерден, соққыдан қорғау, ал төменгі бөлігінен тыныс алу, ас қорыту системалары басталады. Сонымен қатар көру, есіту, иіс, дәм сезу мүшелері орналасқан. Бұл екі бөлік маңдай сүйегі мен жоғарғы жақ сүйегінің жігі арқылы бөлінеді. Жалпы ми сауыты бірнеше сүйектердің жиынтығынан тұрады, олар: маңдай, самай, төбе, шүйде, және сына сүйектері.

Маңдай сүйегі (лобная кость) бастың алдыңғы бөлігін құрайды. Ол екі көз шүңірегі, мұрын және жазық келген қабыршақ бөлігінен тұрады. Көз шүңіректері көз шарасының жоғарғы қабырғасын түзеді, ал мұрын бөлігі мұрынның кеңсірік сүйегімен жалғасады. Маңдай сүйегінің тек адамға тән екі шығыңқы денесі болады, одан төменірек қос қас доғасы жатады. Сондай-ақ бұл сүйек артқы жағында қос төбе сүйегімен, екі жанында самай сүйектерімен ирелек бітімді жік арқылы жалғасады.

Самай сүйегі (височная кость) жұп болады. Ол ми сауытының екі жақ сүйір бөліктерін құрайды. Самай сүйектері жоғарғы жағында төбе, арт жағында шүйде, төменгі жағында бас қаңқасының негізі болып табылатын сына және шықшыт сүйектермен байланысады. Алдыңғы тұсында маңдай сүйегімен жымдасады. Бұл сүйекте негізінен адамның есіту органы орналасады.

Төбе сүйегі (теменная кость) самай сүйегі сияқты жұп болады. Ми сауыттың төбе және екі бүйір бөлігін құрайды. Сүйектің алдыңғы жиегі маңдай, төменгі жиегі самай, артқы жиегі шүйде сүйектерімен шектеседі. Төбе сүйегінің жалпы пішіні төртбұрышқа ұқсас келеді.

Шүйде сүйегі (затылочная кость) ми сауытының артқы жағын құрайды. Шүйде сүйегінің үлкен тесігінің айналасында оның төрт бөлігі жатады. Алдыңғы жағында – негізгі, екі жанында бүйір бөлігі, арт жағында – қабыршақ бөлігі. Бүйір бөлігіндегі екі сопақша келген дөңес осіндегі ауыз омыртқаның буыны ойыса жалғасады.

Қабыршақ бөлігінің ішкі беті жайдақ төрт ойысқа бөлінген, оның жоғарғы екі ойысына мидың шүйде бөлігі сай келсе, төменгі екі ойысына мишық бөліктері сай келеді. Шүйде сүйегі алдында сына, екі жағында самай және төбе сүйектерімен жалғасып жатады.

Жалпы бас еттері шайнау еттері және ымдау еттері болып екіге бөлінеді.

Шайнау еттері (жевательная мышца). Шайнау еттерінің ерекшелігі – олар бас сүйегінің жоғарғы жағынан басталып, міндетті түрде бастың қозғалмалы сүйегіне-төменгі жаққа келіп тіркеледі. Бұл еттер жиырылған кезде төменгі жақ сүйегін қимылға келтіріп, шайнау әрекетін жүргізеді.

Шайнау еттеріне меншікті шайнау еті, самай еті, ішкі және сыртқы қанатты еттері жатады.

Меншікті шайнау еті шықшыт сүйегінің доғасынан басталып, төменгі жақтың бұрышына барып бекиді, ет жиырылған кезде төменгі жақты көтереді және сәл алға тартады.

Самай еті (височная мышца). Бұл жаққа келген нәзік еттердің жиынтығы, ол самай сүйектерінен басталып шықшыт доғасының астынан өтіп, төменгі жақтың тәждік өсіндісіне бекиді. Жиырылған кезде бұл еттің қызметі- төменгі жақты көтеріп сәл артқа қозғайды.

Ішкі қанатты ет (внутренняя крыловидная мышца). Ет сына сүйектің ішкі қанатынан басталып, жақтың ішкі жақ бұрышына барып бекиді. Екі жағы бірдей жиырылған кезде жақты алға; бір жағы жиырылса қарама-қарсы жаққа қозғайды.

Сыртқы қанатты ет (наружная крыловидная мышца) сына сүйектің артқы қатарынан басталып, төменгі жақ сүйектің буын өсіндісіне келіп бекиді. Ет жиырылғанда жақ артқа қарай қозғалады, бір жағы жиырылса қарама-қарсы жаққа сырғиды.

Ымдау еттері (мимические мышцы). Бұл еттің бір ерекшелігі –олардың ет жапқыш шандырлары болмайды. Еттің көбінесе бір ұшы бас сүйегінен басталса, екінші ұшы міндетті түрде бет терісінен бекиді. Сондықтан олар тері астында орналасады. Соның нәтижесінде ет жиырылған кезде теріге қыртыстар, әжімдер түсіп, адамның бет пішінін өзгертіп, қандай көңіл-күйге түскенін білдіреді. Сол себептен де ымдау еттері деп аталады.

Ымдау еттері де шайнау еттері сияқты бірнеше түрге бөлінеді; ми сауытының еті, ауыздың дөңгелек еті, маңдай және шүйде еттері, кербез еті, көздің дөңгелек еті, езу көтеретін немесе езуді тартатын ет, күлкі еті, ұрт еті, жоғарғы ерінді көтеретін және түсіретін еттер, мұрын еті және құлақ еті мен қас тую еттері болып.

Ми сауытының сіңірлі жапқышы (сухожильный шлем) немесе маңдай мен шүйде сіңірлі еттері. Сіңірлі ет бастың жоғарғы жағын- шүйде мен маңдай аралығын тұтастай жауып тұрады.

Маңдай еті шүйде етіне қарағанда жақсы дамыған. Бұл еттердің жиырылуынан бас терісінің қозғалысы пайда болады.

Ауыздың дөңгелек еті (круговая мышца рта) ауызды шеңберлене қоршап жатады, жиырылғанда ауыз тесігін кішірейтіп тартады.

Кербез еті (мышца горденцов) маңдай сүйегінің мұрын бөлігінен басталып екінші ұшы қас терісіне жалғасады. Ет жиылырған кезде қас арасында тік қыртыстар пайда болып қасты бір-біріне жақындатады.

Көздің дөңгелек еті (круговая мышца глаз) көз шарасының еті, қабақ еті және жас қапшығының еті деп үшке бөлінеді. Еттер жиырылғанда қабақ төмен немесе жоғары қозғалып, көз ашылып жұмылады.

Езуді көтеретін ет (мышца –подниматель углы рта) жоғарғы жақ сүйегінің тіс ойыстарынан басталып езу бұрышындағы теріге және ауыздың дөңгелек етіне бекиді, жиырылғанда езуді көтереді.

Күлкі еті (мышца схема) езуден басталып, ұрт терісінде бекиді. Жиырылғанда адам бетінде күлкі үйіріледі, ал кей адамда бетте күлкі шұңқыры пайда болады.

Ұрт еті (щечная мышца) талшықтары көлденең орналасады да, ауыздың дөңгелек етіне жалғасады. Бұл еттің негізгі қызметі ауыз қуысының қысымын реттеп, тағам шайнаған кезде жиырылып асты тіске ыңғайлап беріп отырады.

Жоғарғы ерінді көтеретін ет (мышца подниматель верхней губы). Бұл ет жоғарғы жақтың көз жиегі мен маңдай өсіндісінен басталып жоғарғы ерін терісіне бекиді, жиырылғанда ерінді көтеріп танауды кеңейтеді.

Төменгі ерінді түсіретін ет (мышца опускающая нижнюю губу) төменгі жақ сүйегінің доғасынан басталып, төменгі ерін терісінде жалғасады. Қызметі – төменгі ерінді түсіру.

Мұрын еті (мышцы носа) жоғарғы күрек тістер тұсынан басталады. Ет жиырылғанда танау тарылады, немесе кеңейеді.

Қас тую еті (мышца сморщивающая брови) маңдай сүйегінен басталып, бір жағы маңдай терісіне, бір жағы қас доғасына бекиді. Жиырылған кезде маңдайға, қас аралығына қыртыстар түсіреді.

Құлақ еттері (мышцы ушной раковины). Құлақ еттері алдыңғы, жоғарғы және төменгі еттер болып үшке бөлінеді. Еттер самай шандырынан басталып құлақ қалқанының алдыңғы, жоғарғы және төменгі жағынан келіп тіркеледі. Адамдарда бұл еттер жануарларға қарағанда нашар дамыған, сондықтан адамда құлақ еттерінің қозғалу, жиырылу қасиеттері болмайды. Міне, біз адам басының ішкі анатомиялық құрылысымен етене таныстық. Енді бастың сыртқы, әртүрлі мүшелерінің құрылысымен танысуымыз қажет.

Бастың сыртқы құрылысы терімен қапталғандықтан оның мүшелері: құлақ, мұрын, көз, ерін ерекше бір әдемі пластикалық пішін түзеді. Олар адам басының ең қажетті мүшелері – органдары болғандықтан оған әдемілік, әр беріп, адамның мінез – құлқын, жалпы формасын бейнелеуге қатысады.

Енді осы бастың мүшелерінің суретін салу жолдарын жеке-жеке оқып үйренейік, сонда біз бастың суретін салған кезде көп қиындықтарға кездеспейміз.

Мүсіндік станокқа орналастырылған ағаш тақтайшада жасалынады. Мүсінші үшін модельдің $\frac{1}{2}$ шынайы үлкендігінен каркас дайындау керек. Бастапқыда ағаштан қалыңдығы 20-25 мм кем емес тақтайша (өлшемі 290x270 мм) жасалынады. Қатты темір пруттан арақашықтығы 10-12 мм торман жасалынған каркасты тақтайшаға орналастырады. Бастапқыда пруттан жан жағы 90 мм үшбұрыш форманы майыстырып жасап алады. Кейін үшбұрышты негізге перпендикулярлы болатындай етіп прутты тігінен майыстырады. Пруттың жоғарғы бөлігі овалды формаға айналады. Щитокқа каркасты үшбұрышты негізді ортасына емес, шетіне жақындау фасадты жағына жылжытып орналастырады.

Каркастың үшбұрышты негізінің фасадты жағы щитканың шетіне паралель болуы керек. Мұндай каркас негізін щитоктың шетіне қарай жақындатуы бас сүйектің ми сауытынан бет бөлігінен үлкен екендігін білдіреді. Каркасты тақтайшаға бекіту үшін темір қысқыштарды қолданады, оларды каркас негізінің үш бұрышынан орналастырады. Каркас пен жұмыс орнын дайындап болған соң, бас сүйекті жақыннан барлық жағынан қарап,

бас сүйек конструкциясын, оның формаларын зерттеуге кіріседі. Мүсіндеуді сазбалшықты плитті жапсырудан бастайды, бас сүйектің пропорциясын орналастырады.

Сазбалшықтан каркасты сомдауда плитті және бас сүйектің пропорциясын ескеру керек. Ары қарай бас сүйектің ми сауыты және бет бөліктерінің алдынан, қырынан және артынан өлшемдерін зерттеу керек. Бас сүйектің ми сауыты және бет бөліктерінің енін, биіктігін ұзындығын өлшеу кезінде пластикалық анатомия бойынша Г.М. Павлова және В.Н.Павлов кітаптарындағы ұсыныстарын қолдану керек.

Ары қарай бас сүйектің бет бөлігінің қырынан және алдынан формасының өлшемін зерттейді. Егер бас сүйекке алдынан (фас) қарасақ, онда бас сүйектің беттік бөлігінің енін жақтықдоға шығыңқы нүктесінен алады, ал биіктігін- иектің төменгі нүктесінен маңдай –мұрын ортасынан алады.

Бас сүйектің формасын зерттеу үшін қырлы маңдай бұрышынан және бет қырның бұрышын анықтау өте маңызды. Сондай-ақ қырынан көз қиылысының орта ось қандай иіліс алатынын тексеру өте қажет.

Қалай негізгі жоспармен орнына дұрыс қойылып болғаннан кейін, бас сүйекті мүсіндеуді толық көлемді пысықтауына жеткізу қажет.

Соңғы кезеңде бас сүйекті жапсыру аяқтайды. Тағы да бір рет төменгі жоспардың биіктігі бойынша қатынасын, модельдің тереңдігі мен кеңдігін, биіктік пропорциясын, рельефтің жалпы массасын тексергеннен кейін форманың бөлек бөлек бөлектерін жетілдіруге кіріседі.

Бас сүйек формасы мен бет бөліктерінің көз, мұрын, ауыз, құлақ формасын дәл анықтау керек, олардың кеңістікте және пропорцияларының өзара орналасуы керек, натураның мінез-құлық жайында анық көрсету керек. Басты толық жабық көлемді мінез құлқын сақтай отырып, конструктивті бөліктердің өзара байланысы негізінде құру керек. Жұмыс кезінде үнемі бет көлемінің симметриялығын және бастың орта сызығының орналасуын бақылау керек.

Практикалық сабаққа дайындық бойынша білім алушыларға әдістемелік ұсынымдар:

1. Анатомиялық құрылымына анализ жасау.
2. Портреттік ерекшелігін ашу.
3. Бас сүйегінің жас және тыныс ерекшелігіне сай айырмашылықтары
4. Адамның мінездемесін, пішінін аудармай орындау ідісі қандай?

Пысықталатын оқу мәселелерінің және студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмаларының тізбесі:

Балшықтан нақты өлшемде, методикалық ретті сақтай отырып бас сүйекті мүсіндеу.

Ақпараттық қамтамасыз ету және жабдықтар:

Суреттер, қара қалам, өшіргіш, журналдар, қағаз (формат), эскиздер, дәптер, пластилин, қалам, құрал саймандар.

Пайдаланылған әдебиеттер мен Web сайттар тізімі:

1. Голубкина А.С. Несколько слов о ремесле скульптора. Сов. Художник.

1960г.

2. Чайков И.М. Лепка и формовка скульптуры М.»Искусство» 1953г.

3. Крестовский И.В.Скульптура М., Профиздат 1960г.

4. Каменский А.А., Коненков С.Т. «Советский художник» 1962г. 326стр.

5. Минина В.Б., Николай Томский. «Искусство» 1980г. 326 стр.

6. Балашева Е. «Скульптура»/беседа из цикла/ как надо понимать искусство творчество 1960г. №6

7. Вигин В.А. Как лепить животных. Художник. 1962г. №25

8. Коненков С.Т.Уроки Родена. Огонек 1965г. №41

9. Мамизер М. Скульптор о своей работе. Искусство 1952г.

8-тақырып: Аяқтың басы.

Жоспар: Адам фигурасының пластикасы.

Сабақтың мақсаты: Студенттердің теориялық курс лекцияларында алған білімін бекіту, тереңдету, кеңейту. Болашақ мамандарды тәрбиелеуде бейнелеу өнері теориясына ғылыми қызығушылығын тудыру.

Қысқаша теориялық мәліметтер: Адам фигурасының пластикасын толық білу үшін аяқ табаны мен қолдың буынының құрылымына көңіл аудару қажет. Айтылған бөліктердің көлемді-кеңістік құрылымын меңгергеннен кейін, аяқ табаны мен қолдың буынын жанды натурадан мүсіндеуге көшеміз. Табанның күрделі конфигурациясын мүсіндеуде оның қоспалы құрылымын есте сақтау керек. Ішкі және сыртқы қоспалары серіппе ролін атқарады, бұл жүргенде, жүгіргенде, секіргенде т.б. жеңілдік жасайды. Адам денесі өзінің салмағымен табанға салмақ түсіреді, бірінші кезекте өкше мен қоспа сүйектерінің басына салмақ түсіреді. Сондықтан қоспа сепінді спиральды бөлігін еске түсіреді.

Табан саусақтары, бас бармақтан басқасы, әсіресе шынашақ бүктеулі тұрады. Табанның саусақтарынан ең ұзыны көбінде бас бармақ болады, бірақ классикалық формадағы табанда кімде екінші саусақ ең ұзыны сол болып табылады, ал, әрбір келесісі бірінен бірі кішкентай.

Аяқ сүйектері белдеуі бүйілерінде ұршық ойыстары бар жамбас сүйектен құралады. Олар жамбас – сан буындарын түзуге қатысады. Жамбас сүйек сегізкөз бен құйымшақпен бірге жамбасты- бүкіл тұлғаның формасын елеулі айқындайтын тұйықталған қатты сүйек сақинасын түзеді. Еркек пен әйелдің жамбасы өз құрылысында айтарлықтай ерекшеленеді: әйел жамбасы еркек жамбасына қарағанда төмен және ендірек келеді.

Сан сүйегінің (ортан жілік) жоғарғы ұшында екі ұршығы болады, олардан жамбас сүйекпен буын арқылы біріккен жылық басы бітетін мойын кетеді. Ортан жіліктің төменгі ұшында тізе буындарын түзетін екі айдаршық болады. Айдаршықтардың үстіне тізе тобығы орналасады.

Балтыр екі сүйектен- асық жіліктен және шыбық сүйегінен тұрады. Асық жілік біршама жуан және ол балтырдың ішкі жағында тұрады. Оның жоғарғы ұшының екі айдаршығы болады, төменгі ұшында ішкі тобық орналасқан. Шыбық сүйегінің төменгі бөлігінде сыртқы тобық болады. Ол ішкі тобықтан түсіп тұрады.

Табанды буындармен біріккен көптеген ұсақ сүйектер түзеді.ол үш бөлікке- толарсаққа , табан сүйектеріне және саусақтарға бөлінеді. Толарсақты жеті сүйек, табан сүйектерін бес сүйек құрайды. Аяқтардың саусақтары, қолдың саусақтары сияқты, бақайшықтардан: бармақ-екі, қалғандарды – үш бақайшықтан тұрады. Табанның құрылысы күмбез тәрізді келеді, мұның өзі оның серішпелік қызметін қамтамасыз етуде маңызды роль атқарады.

Практикалық сабаққа дайындық бойынша білім алушыларға әдістемелік ұсынымдар:

Гипс моделіне қарап аяқ басының нақты өлшемдегі нұсқасын балшықтан тапсыру, аяқ басының құрылымының жеке бөліктерінің байланысының бірлігін ашу.

Пысықталатын оқу мәселелерінің және студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмаларының тізбесі:

1. Анатомиялық құрылымына анализ жасау.
2. Пластикалық анатомияның зерттеу тәсілдері қандай?
3. Пластикалық анатомияның бөлімдері ата.

Ақпараттық қамтамасыз ету және жабдықтар:

Суреттер, кара қалам, өшіргіш, журналдар, қағаз (формат), эскиздер, дәптер, пластилин, қалам, құрал саймандар.

Пайдаланылған әдебиеттер мен Web сайттар тізімі:

1. Коненков С.Т. Уроки Родена. Огонек 1965г. №41
2. Мамизер М..Скульптор о своей работе. Искусство 1952г.
3. Колпинский Ю.Искусство Греции эпохи расцвета М.Л.1937г.
4. Д.Аркин. Монументальная скульптура Ленинграда 1948г.

9-тақырып: Қолдың басы

Жоспар: Қол басының сүйектері.

Сабақтың мақсаты: Студенттердің теориялық курс лекцияларында алған білімін бекіту, тереңдету, кеңейту. Болашақ мамандарды тәрбиелеуде бейнелеу өнері теориясына ғылыми қызығушылығын тудыру.

Қысқаша теориялық мәліметтер: Тоқпан жілік ұштары жуандаға түтік түрінде болады. Сүйектің жоғарғы жуандаған жері (басы) жауырынның буын ойығымен буындасып, буын құрайды. Сүйектің төменгі аяғында айдаршық деп аталатын буын сіңірлері бар екі өскіні болады. Айдаршықтар буын арқылы білектің екі сүйегімен – ішкі жағынан орналасқан шынтақ жілікпен және сыртқы жағынан орналасқан кәрі жілікпен бірігеді. Қол басының сүйектері, үш бөлікке: білезік , алақан және саусақ сүйектерге бөлінеді. Білезік сүйектері сегіз ұсақ сүйектен, алақан сүйектері бес ұсақ сүйектерден тұрады; саусақтар: бас бармақ-екі, ал қалғандары- үш бақайшықтан тұрады.

Қол-аяқ негізгі екі бөліктен – белдеуден және еркін қозғалатын сүйектерден тұрады. Жоғарыда айтып өткеніміздей иық белдеуіне жауырын мен бұғана жатады, ал еркін қозғалатын сүйектерді иық, білек және қол басының сүйектері құрайды. Анатомияда иық деп күнделікті

сөзде айтылатын мағынасындағыдан басқа нәрсе аталатынын анықтап айта кеткен дұрыс.

Қол буынын мүсіндеуде сызықты үлкен форманың құрылымына, конструкциясына және пропорциясына негізгі назарды аудару керек. Форма буыны жеке, күрделі пластикасымен ерекшеленеді, өте қимылды және жиі эмоциональды және социальды көріністерінің портретті образдарының өсуімен толықтырады.

Қол буынын мүсіндеу үшін ең қиын объект болып есептелінеді. Қол пропорциясын анықтау үшін келесі қатынастары есте сақтау керек: ортаңғы саусақ бәрінен ұзын; сұқ саусақ ортаңғы саусақтың тырнақ негізіне дейін жетеді; ал төртінші оның ортасына дейін, шынашақ төртінші саусақтың орта буына дейін жетеді.

Төрт саусақ білектің жалғасы болып табылады, ал бас бармақ кәрі жілік жағынан бөлек бірігеді. Егер саусақтың бәрін жұдырықтасақ ортаңғы саусақтың сүйегінің басы шығып тұратынын көруге болады.

Практикалық сабаққа дайындық бойынша білім алушыларға әдістемелік ұсынымдар:

1. Балшықтан нақты өлшемде, методикалық ретті сақтай отырып аяқ басын мүсіндеу.

2. Гипс моделіне қарап қол басының нақты өлшемдегі нұсқасын балшықтан тапсыру, аяқ басының құрылымының жеке бөліктерінің байланысының бірлігін ашу.

Пысықталатын оқу мәселелерінің және студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмаларының тізбесі:

1. Балшықтан нақты өлшемде, методикалық ретті сақтай отырып қол басын мүсіндеу. Анатомиялық құрылымына анализ жасау.

2. Пластикалық анатомияның зерттеу тәсілдері қандай?

3. Пластикалық анатомияның бөлімдерін ата.

Ақпараттық қамтамасыз ету және жабдықтар Суреттер, қара қалам, өшіргіш, журналдар, қағаз (формат), эскиздер, дәптер, пластилин, қалам, құрал саймандар.

Пайдаланылған әдебиеттер мен Web сайттар тізімі:

1. Рабинович М.Ц. «Пластическая анатомия человека, четвероногих животных и птиц и ее применение в рисунке» М, «Высшая школа» 1978 г.

2. Рабинович М.Ц. «Изображение человека на основе пластической анатомии» 1965г.

3. Механик Н.С. «Основы пластической анатомии» М. 1958г.

4. Павлов Г.М., «Пластическая анатомия» М., 1948г.

5. Дювало М. «Анатомия для художников» 1936г.

6. Тихонов М.Т. «Курс пластической анатомии» 1906г.

7. Иваницкий М.Ф. «Очерки пластической анатомии человека» М., 1955г.

8. Карузии П.И. «Руководство по пластической анатомии» выл. I,

10 - тақырып: Көлемді гипс моделіне кеңістікте портрет жапсыру /Вольтер, Қайрақшы/ .

Жоспар: Көлемді гипс моделіне кеңістікте портрет жапсыру.

Сабақтың мақсаты: Студенттердің теориялық курстың лекцияларында алған білімін бекіту, тереңдету, кеңейту. Болашақ мамандарды тәрбиелеуде бейнелеу өнері теориясына ғылыми қызығушылығын тудыру.

Қысқаша теориялық мәліметтер: Мүсін сабағы бойынша жүргізуші тақырыбы – адам басын бейнелеу. Бұл тақырып сурет курсымен бірге жүреді, бұл оқу үрдісін мақсатымен нәтижелі жүргізуде мүмкіндік береді. Адам басын мүсіндеу сабағы суретті көбірек меңгеруіне септігін тигізеді, өйткені студенттер мүсіндеуде көлемді форманың құрылымының заңдылығын, оның конструктивті ерекшелігімен және пластикалық құрылымын түсінуде, бақылауға тиімді.

Еске алатын жайт, бейнелеу өнерінің барлық түрінде адам басын бейнелеу- оқу бағдарламасында ең күрделі бөлімі. Портрет өнерінің модельдері ең кеңінен тараған үлгілері ретінде Ежелгі Греция және Римнің мүсіндері жатады.

Бұл мүсіндерді көшіру қысқа мерзімде жұмыстың технологиялық жағын меңгеріп қана қоймай, сонымен бірге мүсін өнерінің тілін ұғынуға мүмкіндік береді.

Гипстік модельді 8-10 студентке есептеп қояды. Сабақ кезінде оны сағат тіліменайналдырып қояды. Мүсіндік станоктар модель айналасына студенттер жұмысын айнала алатындай арақашықтықтан орналастырады.

Бірінші тапсырма – қарсы алдыан тұрған басты мойынымен бірге мүсіндеу керек. Бастың өлшемін натуралды үлкендігімен алынады. Модельдің мінез-құлқын көрстуде бәрінен бұрын пропорцияларымен қатынастарын дұрыс алынуына қажет. Басты ешбір шөпшексіз жалпылама түрде мүсіндейді.

Жұмысты талап еткен өлшемде каркастық құрылымынан бастайды. Бас көлемі мен мойынды дәл ортасына орналастырады, кейін негізі тікбұрышты формалы плінті қояды. Стерженді каркас айналасына сазбалшықтан мойын цилиндрін сомдайды, оған берілген өлшемде басты тұқымтәрізді формада орналастырады.

Бас сүйектің конструкциясын еске ала, бастың беттік және ми бөліктерінің, мойын және бастың негізгі массаларының қатынасын орналастырады. Жұмыс «обрубка» «қима бас» әдісімен құрылу керек. Одан кейін беттік бұрыш анықтайды: Беттік бұрыш бетік бөлікпен бассүйек қорабының өзара орналасуын көрсетеді.

Бас сүйек формасы мен бет бөліктерінің көз, мұрын, ауыз, құлақ формасын дәл анықтау керек, олардың кеңістікте және пропорцияларының өзара орналасуы керек, натураның мінез-құлық жайында анық көрсету керек. Басты толық жабық көлемді мінез құлқын сақтай отырып, конструктивті бөліктердің өзара байланысы негізінде құру керек. Жұмыс кезінде үнемі бет көлемінің симметриялығын және бастың орта сызығының орналасуын бақылау керек.

Бірінші кезеңде негізгі сызығын табу керек, бұл сызық позада негізгісі болып табылады. Бұл үшін төс ойығының ортасынан еденге дейін вертикальды түсіріп белгілейміз. Осы вертикаль нүктесін белгілеп, иық арасынан балшық бөліктерін жапсырамыз. Арқасындағы негізгі сызық оның бүкіл тұлғасындағы беломыртқа тірегін білдіреді, ал төменірек – аяқтың негізгі бағыты. Бұл сызық өзінің барлық тірек нүктелерінде және тереңдеу қылып фигураның негізгі сызығымен қиылысады. Мүсінші үшін фигураның артқы негізгі сызығы үлкен мәнді алады, өйткені біз омыртқа тірегін қаңқаның басты және орталық бөлігі сияқты қарастырамыз.

Мүсіндік станокқа орналастырылған ағаш тақтайшада жасалынады. Мүсінші үшін модельдің $\frac{1}{2}$ шынайы үлкендігінен каркас дайындау керек. Бастапқыда ағаштан қалыңдығы 20-25 мм кем емес тақтайша (өлшемі 290x270 мм) жасалынады. Қатты темір пруттан арақашықтығы 10-12 мм торман жасалынған каркасты тақтайшаға орналастырады. Бастапқыда пруттан жан жағы 90 мм үшбұрыш форманы майыстырып жасап алады. Кейін үшбұрышты негізге перпендикулярлы болатындай етіп прутты тігінен майыстырады. Пруттың жоғарғы бөлігі овальді формаға айналады. Щитокқа каркасты үшбұрышты негізді ортасына емес, шетіне жақындау фасадты жағына жылжытып орналастырады.

Каркастың үшбұрышты негізінің фасадты жағы щитканың шетіне паралель болуы керек. Мұндай каркас негізін щитоктың шетіне қарай жақындатуы бас сүйектің ми сауытынан бет бөлігінен үлкен екендігін білдіреді. Каркасты тақтайшаға бекіту үшін темір қысқыштарды қолданады, оларды каркас негізінің үш бұрышынан орналастырады. Каркас пен жұмыс орнын дайындап болған соң, бас сүйекті жақыннан барлық жағынан қарап, бас сүйек конструкциясын, оның формаларын зерттеуге кіріседі. Мүсіндеуді сазбалшықты плитті жапсырудан бастайды, бас сүйектің пропорциясын орналастырады.

Суретшіге қажетті анатомия бөлігі *пластикалық анатомия* деп аталады (гректің *plastike* – «мүсіндеу» және *anatemno* – «кесемін» деген сөзінен шыққан.) Пластикалық анатомия ішкі органдарды зерттемейді. Оны дененің сыртқы формасын түзетін – скелет, бұлшық ет және тері жамылғылары ғана қызықтырады.

Мойынның формасын құруда бізге бұрыннан тарыс трепеция тәрізді бұлшық ет және бұғана-төс сүйір бұлшықеті мейлінше роль атқарады. Бұғана төс сүйір бұлшық еті өз атауын өзінің үш басымен бекітін сүйектерден – төстен, бұғана мен бас сүйектің самай сүйегінің сүйір өскінінен алған. Бұл бұлшық ет басты иеді және жан – жаққа бұрып тұрады. Ол мойынның пластикалық жағыан қалыптасуында елеулі роль атқарады. Төменде осы қос бұлшық еттердің арасында төс ойығы дейтін тұрады. Мойынның формасын құруға қатысатын қалқан шеміршегі деп аталатын бір шеміршек туралы да айта кеткен жөн. Ол әсіресе ерлерде жақсы дамыған болады.

Бас сүйектің анатомиялық құрылымынан қарасақ, бастың сегіз негізгі көлем өлшімін анықтаймыз осылардың негізінде бедер құрылады:

1. құрын қалыңдығы; 2. маңдай ойыстары арасындағы қашықтық; 3. Ауыз кеңдігі; 4. бастың сыртқы қабақтың шеті арасындағы қашықтық; 5 төменгі жақ бұрыштарының арасы; 6. бет сүйегінің арасы; 7. төбе сүйек арасы; 8. құлақ арасы. Бедерде көлемдер бөлек жоспарларды қою әдісімен құрылады, ең шетті жоспардан (мұрын) бастап ары қарай бірінен кейін бірі (26 сурет) кете береді.

Мүсіндеуді шеткі жоспардан бастайды. Бастапқыда сурет өлшеммен мұрынның жалпақтығынан жасайды. Екінші жоспарда маңдай ойыстары өзінің орналасуына сәйкес фонға перпендикулярлы жүреді. Келесі кезеңде көз қиынын сомдайды. Шамамен осы биіктікте жақтың жоғарғы және төменгі қиылысы орналасады. әрі қарай самай сүйектері және сіңірлі бұлшықеттің төменгі жақ ойық жоспары, кейін бет сүйектері, төбе, құлақ т.б. жоспарлар кетеді. Басты әр түрлі жарықтануда мүсіндеу керек. Профильдік бейнеленудің бастың төртжақты бұрылыста бейнеленуінен айырмашылығы орташа жазықтығын фонға параллель таптайды, ал оған бірнеше бұрылыстан кейін табады. Берілген бөлімнің авторы төртжақты бұрылыстағы бедерлі бастың орындалуының бірнеше кезеңдері жасады. Бұны 27 суреттің а,б,с,д, көресіздер.

Көлемді мүсін және бедер- нұсқаның үшжақты бейнелеу негізінде жататын, пластиканың бір түрі. Жұмыр мүсін заттарды шынайы кеңістікте көрсетуге, олардың биіктігі бойынша шынайы көлемді өлшемдерін, енінен және тереңдігінен көрсетуге шақырады.

Ал бедерде тек екі өлшем- биіктігі мен ені. Бейнеленудің тереңдігіне байланысты рельефтер екіге бөлінеді: горольеф және барельеф. Барельефте жұмыр мүсіннің шынайы тереңдігінің 1/3 шамасында құрылады.

Мүсіндік рельефті бейнелер көрерменге көлемді сияқты қабылдану керек. Осыдан бедердің бейнелеу өнері түрінің бірі сияқты шарттылықты туады. Мүсіндік бедер шынайы көлемді форманы тереңірек ұғыну негізінен тұрады. Адам басының бедерін мүсіндеу: сол гипстік классикалық үлгіден орындалады.

Бастың оқу рельефімен жұмыс істеуде фоннан бастайды. Рельеф көлемінің тереңдігінің перспективалық қысқарту принциптері бойынша жасалынады. Рельефті бейнелердің көлемінің негізіне «алтын кеспе» формуласы бойынша 2:3:5:8:13:21 т.б. қысқартулар қабылданған. Бедерлердің құрылу заңдылықтарының бәрін жоспардағы заттардың проекциясының бейнеленуі кезінде байқауға болады.

Бедерде басты қырынан бейнелеуді қолдану бұл бірінші кезекте бастың орташа жазықтық жайын анықтау қажет. Егер жұмыр мүсінде орташа жазықтықтың бастың барлық көлемін тең екі бөлікке бөледі, кейде профильді бейнелеуде орташа жазықтық фонға жақынырақ болады және де бедердің барлық көлемін 3:5 қатынасына бөлінеді.

Практикалық сабаққа дайындық бойынша білім алушыларға әдістемелік ұсынымдар:

- Модельдің нақты өлшем сақтан, методикалық ретімен жұмысты орындау. Каркас - дінгекке балшықты есіріп жапсыру арқылы бас, мойын,

дене бөліктерін орнату. Бұл үш бөліктің кеңістікте орналасуын, қимыл - қозғалысын анатомиялық құрылымын табу. Анатомиялық жіктеу.

- Адам денесінің пластикалық анатомиясы және оны зерттеу әдістері

Пысықталатын оқу мәселелерінің және студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмаларының тізбесі:

1. Каркас - діңгекке балшықты есіріп жапсыру арқылы бас, мойын, дене бөліктерін орнату.

2. Модельдің нақты өлшем сақтан, методикалық ретімен жұмысты орындау.

3. Балшықтан нақты өлшемде, методикалық ретті сақтай отырып қол басын мүсіндеу. Анатомиялық құрылымына анализ жасау.

Ақпараттық қамтамасыз ету және жабдықтар: Суреттер, қара қалам, өшіргіш, журналдар, қағаз (формат), эскиздер, дәптер, пластилин, қалам, құрал саймандар.

Пайдаланылған әдебиеттер мен Web сайттар тізімі:

1. Голубкина А.С. Несколько слов о ремесле скульптора. Сов. Художник. 1960г.

2. Чайков И.М. Лепка и формовка скульптуры М.»Искусство» 1953г.

3. Крестовский И.В. скульптура М., Профиздат 1960г.

4. Каменский А.А., Коненков С.Т. «Советский художник» 1962г. 326стр.

5. Минина В.Б., Николай Томский. «Искусство» 1980г. 326 стр.

6. Балашева Е. «Скульптура»/беседа из цикла/ как надо понимать искусство творчество 1960г. №6

7. Вигин В.А. Как лепить животных. Художник. 1962г. №25

11 -тақырып: Адам басын нұсқаға қарап орындау, жапсыру.

Жоспар: Бас сүйегі қаңқасы.

Сабақтың мақсаты: Студенттердің теориялық курстың лекцияларында алған білімін бекіту, тереңдету, кеңейту. Болашақ мамандарды тәрбиелеуде бейнелеу өнері теориясына ғылыми қызығушылығын тудыру.

Қысқаша теориялық мәліметтер: Бас сүйегі қаңқасы өзінің формасының өте күрделілігімен, әр сүйегінің бір-бірімен ерекше жымдасуымен көзге түседі. Жалпы қаңқа екіге бөлінеді: жоғарғы бөлігін ми сауыты, ал төменгі бөлігін бет бөлігі дейміз.

Ми сауытының атқаратын қызметі- миды сыртқы әсерден, соққыдан қорғау, ал төменгі бөлігінен тыныс алу, ас қорыту системалары басталады. Сонымен қатар көру, есіту, иіс, дәм сезу мүшелері орналасқан. Бұл екі бөлік маңдай сүйегі мен жоғарғы жақ сүйегінің жігі арқылы бөлінеді. Жалпы ми сауыты бірнеше сүйектердің жиынтығынан тұрады, олар: маңдай, самай, төбе, шүйде, және сына сүйектері.

Маңдай сүйегі (лобная кость) бастың алдыңғы бөлігін құрайды. Ол екі көз шүңірегі, мұрын және жазық келген қабыршақ бөлігінен тұрады. Көз шүңіректері көз шарасының жоғарғы қабырғасын түзеді, ал мұрын бөлігі мұрынның кеңсірік сүйегімен жалғасады. Маңдай сүйегінің тек адамға тән екі шығыңқы денесі болады, одан төменірек қос қас доғасы жатады. Сондай-

ақ, бұл сүйек артқы жағында қос төбе сүйегімен, екі жанында самай сүйектерімен ирелек бітімді жік арқылы жалғасады.

Самай сүйегі (височная кость) жұп болады. Ол ми сауытының екі жақ сүйір бөліктерін құрайды. Самай сүйектері жоғарғы жағында төбе, арт жағында шүйде, төменгі жағында бас қаңқасының негізі болып табылатын сына және шықшыт сүйектермен байланысады. Алдыңғы тұсында мандай сүйегімен жымдасады. Бұл сүйекте негізінен адамның есіту органы орналасады.

Төбе сүйегі (теменная кость) самай сүйегі сияқты жұп болады. Ми сауыттың төбе және екі бүйір бөлігін құрайды. Сүйектің алдыңғы жиегі мандай, төменгі жиегі самай, артқы жиегі шүйде сүйектерімен шектеседі. Төбе сүйегінің жалпы пішіні төртбұрышқа ұқсас келеді.

Шүйде сүйегі (затылочная кость) ми сауытының артқы жағын құрайды. Шүйде сүйегінің үлкен тесігінің айналасында оның төрт бөлігі жатады. Алдыңғы жағында – негізгі, екі жанында бүйір бөлігі, арт жағында – қабыршақ бөлігі. Бүйір бөлігіндегі екі сопақша келген дөңес осіндегі ауыз омыртқаның буыны ойыса жалғасады.

Қабыршақ бөлігінің ішкі беті жайдақ төрт ойысқа бөлінген, оның жоғарғы екі ойысына мидың шүйде бөлігі сай келсе, төменгі екі ойысына мишық бөліктері сай келеді. Шүйде сүйегі алдында сына, екі жағында самай және төбе сүйектерімен жалғасып жатады.

Мүсіндік станокқа орналастырылған ағаш тақтайшада жасалынады. Мүсінші үшін модельдің $\frac{1}{2}$ шынайы үлкендігінен каркас дайындау керек. Бастапқыда ағаштан қалыңдығы 20-25 мм кем емес тақтайша (өлшемі 290x270 мм) жасалынады. Қатты темір пруттан арақашықтығы 10-12 мм торман жасалынған каркасты тақтайшаға орналастырады. Бастапқыда пруттан жан жағы 90 мм үшбұрыш форманы майыстырып жасап алады. Кейін үшбұрышты негізге перпендикулярлы болатындай етіп прутты тігінен майыстырады. Пруттың жоғарғы бөлігі овальді формаға айналады. Щитокқа каркасты үшбұрышты негізді ортасына емес, шетіне жақындау фасадты жағына жылжытып орналастырады.

Каркастың үшбұрышты негізінің фасадты жағы щитканың шетіне паралель болуы керек. Мұндай каркас негізін щитоктың шетіне қарай жақындатуы бас сүйектің ми сауытынан бет бөлігінен үлкен екендігін білдіреді. Каркасты тақтайшаға бекіту үшін темір қысқыштарды қолданады, оларды каркас негізінің үш бұрышынан орналастырады. Каркас пен жұмыс орнын дайындап болған соң, бас сүйекті жақыннан барлық жағынан қарап, бас сүйек конструкциясын, оның формаларын зерттеуге кіріседі. Мүсіндеуді сазбалшықты плинтті жапсырудан бастайды, бас сүйектің пропорциясын орналастырады.

Сазбалшықтан каркасты сомдауда плинтті және бас сүйектің пропорциясын ескеру керек. Ары қарай бас сүйектің ми сауыты және бет бөліктерінің алдынан, қырынан және артынан өлшемдерін зерттеу керек. Бас сүйектің ми сауыты және бет бөліктерінің енін, биіктігін ұзындығын

өлшеу кезінде пластикалық анатомия бойынша Г.М. Павлова және В.Н.Павлов кітаптарындағы ұсыныстарын қолдану керек.

Ары қарай бас сүйектің бет бөлігінің қырынан және алдынан формасының өлшемін зерттейді. Егер бас сүйекке алдынан (фас) қарасақ, онда бас сүйектің беттік бөлігінің енін жақтықдоға шығыңқы нүктесінен алады, ал биіктігін- иектің төменгі нүктесінен маңдай –мұрын ортасынан алады.

Бас сүйектің формасын зерттеу үшін қырлы маңдай бұрышынан және бет қырның бұрышын анықтау өте маңызды. Сондай-ақ қырынан көз қиылысының орта ось қандай иіліс алатынын тексеру өте қажет.

Қалай негізгі жоспармен орнына дұрыс қойылып болғаннан кейін, бас сүйекті мүсіндеуді толық көлемді пысықтауына жеткізу қажет.

Практикалық сабаққа дайындық бойынша білім алушыларға әдістемелік ұсынымдар:

1. Каркас - дiңгекке балшықты есiрiп жапсыру арқылы бас, мойын, дене бөлiктерiн орнату.

2. Модельдiң нақты өлшем сақтан, методикалық ретiмен жұмысты орындау.

3. Балшықтан нақты өлшемде, методикалық реттi сақтай отырып қол басын мүсiндеу. Анатомиялық құрылымына анализ жасау.

Пысықталатын оқу мәселелерiнiң және студенттiң аудиторияда орындайтын тапсырмаларының тiзбесi:

Гипс моделiне қарап аяқ басының нақты өлшемдегi нұсқасын балшықтан тапсыру, аяқ басының құрылымының жеке бөлiктерiнiң байланысының бiрлiгiн ашу.

Ақпараттық қамтамасыз ету және жабдықтар: Суреттер, кара қалам, өшiргiш, журналдар, қағаз (формат), эскиздер, дәптер, пластилин, қалам, құрал саймандар.

Пайдаланылған әдебиеттер мен Web сайттар тiзiмi:

1. Голубкина А.С. Несколько слов о ремесле скульптора. Сов. Художник. 1960г.

2. Чайков И.М. Лепка и формовка скульптуры М.»Искусство» 1953г.

3. Крестовский И.В. Скульптура М., Профиздат 1960 г.

4. Каменский А.А., Коненков С.Т. «Советский художник» 1962г. 326стр.

5. Минина В.Б. «Искусство» 1980г. 326 стр.

12-тақырып: Бас сүйектерiнiң түрлерi және жас шамасына және жыныс ерекшелiгiне сай айырмашылықтары.

Жоспар: Бас сүйектерiнiң түрлерi

Сабақтың мақсаты: Студенттердiң теориялық курстың лекцияларында алған бiлiмiн бекiту, тереңдету, кеңейту. Болашақ мамандарды тәрбиелеуде бейнелеу өнерi теориясына ғылыми қызығушылығын тудыру.

Қысқаша теориялық мәлiметтер: Бас сүйегi қаңқасы өзiнiң формасының өте күрделiлiгiмен, әр сүйегiнiң бiр-бiрiмен ерекше

жымдасуымен көзге түседі. Жалпы қаңқа екіге бөлінеді: жоғарғы бөлігін ми сауыты, ал төменгі бөлігін бет бөлігі дейміз.

Ми сауытының атқаратын қызметі- миды сыртқы әсерден, соққыдан қорғау, ал төменгі бөлігінен тыныс алу, ас қорыту системалары басталады. Сонымен қатар көру, есіту, иіс, дәм сезу мүшелері орналасқан. Бұл екі бөлік маңдай сүйегі мен жоғарғы жақ сүйегінің жігі арқылы бөлінеді. Жалпы ми сауыты бірнеше сүйектердің жиынтығынан тұрады, олар: маңдай, самай, төбе, шүйде, және сына сүйектері.

Маңдай сүйегі (лобная кость) бастың алдыңғы бөлігін құрайды. Ол екі көз шүңірегі, мұрын және жазық келген қабыршақ бөлігінен тұрады. Көз шүңіректері көз шарасының жоғарғы қабырғасын түзеді, ал мұрын бөлігі мұрынның кеңсірік сүйегімен жалғасады. Маңдай сүйегінің тек адамға тән екі шығыңқы денесі болады, одан төменірек қос қас доғасы жатады. Сондай-ақ бұл сүйек артқы жағында қос төбе сүйегімен, екі жанында самай сүйектерімен ирелек бітімді жік арқылы жалғасады.

Самай сүйегі (височная кость) жұп болады. Ол ми сауытының екі жақ сүйір бөліктерін құрайды. Самай сүйектері жоғарғы жағында төбе, арт жағында шүйде, төменгі жағында бас қаңқасының негізі болып табылатын сына және шықшыт сүйектермен байланысады. Алдыңғы тұсында маңдай сүйегімен жымдасады. Бұл сүйекте негізінен адамның есіту органы орналасады.

Төбе сүйегі (теменная кость) самай сүйегі сияқты жұп болады. Ми сауыттың төбе және екі бүйір бөлігін құрайды. Сүйектің алдыңғы жиегі маңдай, төменгі жиегі самай, артқы жиегі шүйде сүйектерімен шектеседі. Төбе сүйегінің жалпы пішіні төртбұрышқа ұқсас келеді.

Шүйде сүйегі (затылочная кость) ми сауытының артқы жағын құрайды. Шүйде сүйегінің үлкен тесігінің айналасында оның төрт бөлігі жатады. Алдыңғы жағында – негізгі, екі жанында бүйір бөлігі, арт жағында – қабыршақ бөлігі. Бүйір бөлігіндегі екі сопақша келген дөңес осіндегі ауыз омыртқаның буыны ойыса жалғасады.

Қабыршақ бөлігінің ішкі беті жайдақ төрт ойысқа бөлінген, оның жоғарғы екі ойысына мидың шүйде бөлігі сай келсе, төменгі екі ойысына мишық бөліктері сай келеді. Шүйде сүйегі алдында сына, екі жағында самай және төбе сүйектерімен жалғасып жатады.

Практикалық сабаққа дайындық бойынша білім алушыларға әдістемелік ұсынымдар:

1. Бас пропорциясы, оның бөліктерінің қатынасы.
2. Қаңқа - адам денесінің құрылымының негізі.
3. Сүйектердің өзара байланысы.
4. Жамбас, омыртқа жотасы, кеуденің өзара байланысы.

Пысықталатын оқу мәселелерінің және студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмаларының тізбесі:

Гипс моделіне қарап аяқ басының нақты өлшемдегі нұсқасын балшықтан тапсыру, аяқ басының құрылымының жеке бөліктерінің байланысының бірлігін ашу.

Ақпараттық қамтамасыз ету және жабдықтар: Суреттер, қара қалам, өшіргіш, журналдар, қағаз (формат), эскиздер, дәптер, пластилин, қалам, құрал саймандар.

Пайдаланылған әдебиеттер мен Web сайттар тізімі:

1. Голубкина А.С.. Несколько слов о ремесле скульптора. Сов. Художник. 1960г.
2. Чайков И.М. Лепка и формовка скульптуры М.»Искусство» 1953г.
3. Крестовский И.В. Скульптура М., Профиздат 1960 г.

13 - тақырып. Давид мүсінінің деталдарының гипстік жапсырмалары

Сабақтың мақсаты: Студенттердің теориялық курстың лекцияларында алған білімін бекіту, тереңдету, кеңейту. Болашақ мамандарды тәрбиелеуде бейнелеу өнері теориясына ғылыми қызығушылығын тудыру.

Қысқаша теориялық мәліметтер: Мүсінде кеңістік көлемдерінің құрылу принциптері мен заңдылықтарын үйренуде жалпылама формадағы антикалық мүсіншелерден үйренген оңайға түседі. Нетура есебінде анық жалпылама формалармен және күрделі емес ракуссиз маскарларды қолданылады. Мысал ретінде Афродита Капунскаяның, Венера Милосскаяның, Антиноя және Герместің маскарларын алсақ болады. Бұл маскарларда көлемнің жалпылығы бар, бас пен мойынның бұрылысының айқындылығы анық көрсетілген, ал сондықтан классикалық үлгідегі гипстік басты мүсіндеуде үлгі ретінде қойлады. Пластикалық формасы бойынша күрделірек маскарларға мысалы Лаокоонның, Аполлонның немесе Давидтің маскарлары жатады.

Маска жұмыр мүсіннің бір түріне жатады. Масканы негізі ағаш тақтайшада мүсіндейді. Егер маска плитте орналасқан болса фонды жапсырудан бастау керек. Бәрінен бұрын масканың фондағы композициясын анықтайды.

Суретті фонның ортасынан сәл жоғары және оң және сол шетінен тең арақашықтықта орналастырады. Масканы гипстік үлгідегі шынайы үлкендігімен бірдей мүсіндейді. Фонда суретті орналастыруда масканың алдыңғы жағынан бір қарағаннан жасайды.

Суретті белгілеп және композициялық шешімінен кейін жұмыстың келесі екінші кезеңге- масканы мойынмен бірге мүсіндеуге көшеді. Бұл дегеніміз, масканы өзіне төбесінен дәкемен тартып тұрғандай, ал мойынды жартылай цилиндрлі сияқты етіп көру керек. Мүсіндеудің алғашқы сатысында бірден тігінен қарағанда масканың иілісін анықтау керек. Кейін жалпылама форма бойынша беттің орталық остік сызығын жүргізеді. Осыдан кейін бастың ми және бет бөліктерін қиятындай көлденең бойынша сызықты жүргізеді.

Мүсіндеудің екінші кезеңінде бірден масканың дұрыс қалыңдығын алу маңызды. Антикалық мүсіннен гипстік моделді жапсыру кезінде классикалық пропорцияларын сақтайды.

Практикалық сабаққа дайындық бойынша білім алушыларға әдістемелік ұсынымдар:

1. Қол басы буыны, алақан, саусақ сүйектері, олардың бедері.
2. Дене бұлшық еттерінің құрылымының орналасуы және өзара байланысы.
3. Иық бұлшық еттерінің 3 тобы, олардың қызметтік ерекшеліктері.

Пысықталатын оқу мәселелерінің және студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмаларының тізбесі:

Гипс моделіне қарап аяқ басының нақты өлшемдегі нұсқасын балшықтан тапсыру, аяқ басының құрылымының жеке бөліктерінің байланысының бірлігін ашу.

Ақпараттық қамтамасыз ету және жабдықтар: Суреттер, қара қалам, өшіргіш, журналдар, қағаз (формат), эскиздер, дәптер, пластилин, қалам, құрал саймандар.

Пайдаланылған әдебиеттер мен Web сайттар тізімі:

1. Коненков С.Т. Уроки Родена. Огонек 1965г. №41
2. Мамизер М..Скульптор о своей работе. Искусство 1952г.
3. Колпинский Ю. Искусство Греции эпохи расцвета М.Л.1937г.
4. Аркин Д. Монументальная скульптура Ленинграда 1948г.

14 - тақырып: Адам денесінің пластикалық анатомиясы және оны зерттеу әдістері

Жоспар: Адам денесінің пластикалық анатомиясы

Сабақтың мақсаты: Студенттердің теориялық курстың лекцияларында алған білімін бекіту, тереңдету, кеңейту. Болашақ мамандарды тәрбиелеуде бейнелеу өнері теориясына ғылыми қызығушылығын тудыру.

Қысқаша теориялық мәліметтер: Суретшілер үшін адам әрқашанда – бейнелеудің басты объектісі болып келді және бола береді. Адамды бейнелеу үшін, оның дұрыс келбетін беру үшін ең алдымен адам денесі формаларының құрылымын, олардың қалыптасу заңдылықтарын айқын білу қажет. Адам тұрқын бейнелеу жұмысында суретшінің сенімді көмекшісі анатомия болып табылады.

Бұл шындықты суретшілер баяғыда-ақ түсінген болатын. өткен заманның көптеген аса көрнекті шеберлері хирургиялық операцияларға тікелей қатыса отырып, анатомияны зерттеді. Леонардо да Винчидің, Микеланджелоның, Рубенстің, Рембрандтың, Рафаельдің анатомиялық суреттемелері сақталған. Орыс суретшілері – Кипренскийдің, Брюлловтың, Рубенстің, Рембрандтың, Рафаельдің анатомиялық суреттемелері сақталған. Орыс суретшілері- Кипренскийдің, Серовтың жұмыстары үлкен анатомиялық мәдениетпен ерекшеленеді. Совет мүсіншісі Коненков, живописцы В.Яковлев және басқалар анатомиялық маңдай алды білгірлері болды.

Суретшіге қажетті анатомия бөлігі *пластикалық анатомия* деп аталады (гректің *plastike* – «мүсіндеу» және *anatemno*- «кесемін» деген сөзінен шыққан.) Пластикалық анатомия ішкі органдарды зерттемейді. Оны дененің

сыртқы формасын түзетін – скелет, бұлшық ет және тері жамылғылары ғана қызықтырады.

Пластикалық анатомия ең алдымен сүйек қаңқасын- адам денесінің құрылысын, көлемі мен пропорцияларын айқындайтын скелетті зерттейді. Скелет (1 сурет) мынадай негізгі бөліктерге бөлінеді: бас скелеті (бас сүйегі), кеуде скелеті және қолдар мен аяқтар скелеті. Кеуде скелеті омыртқа жотасынан (1) жән өз кезегінде қабырғалар (2) мен төстен (3) тұратын кеуде қуысынан тұрады. Кеуде скелетіне иық белдеулігі түйісіп жатады, оның құрамына жауырындар (4) мен бұғаналар (5) және жамбас белдеуі (6) кіреді. Иық белдеуімен буындар арқылы қолдар, жамбаспен аяқтар байланысқан, сондықтан олар қол- аяқ скелетіне жатады.

Омыртқа жотасын- барлық кеуде сүйектері жымдасып біткен негізгі конструкциялық вертикаль деп айтуға болады. Ол жекелеген сүйектерден- иілгіш жүйеге біріктірілген омыртқалардан тұрады. Жоғарғы жеті омыртқа – мойын негізі, сондықтан да олар мойын омыртқалар деп аталады. Қабырғалар бекітілетін келесі он екі көкірек омыртқалары, келесі алтауы- бел омыртқа деп аталады. Одан кейін бес сегізкөз омыртқалары және төрт немесе бес кішкентай құйымшақ омыртқалары орналасады. Сегізкөз омыртқалары өзара тұтасады да бір сүйекті – сегізкөзді (7) құрайды. Құйымшақ омыртқалары да тұтасып, құйымшақты (8) құрайды. Омыртқа жотасының, егер оған бүйірінен қарайтын болсақ, бірқатар бүгілістері бар, соның өзінде мойын және бел бөлігіндегі бүгілістер алға қарай, ал көкірек пен сегізкөз- құйымшақ бөлікерінде артқа қарай иілген.

Кеуде қуысы 12 омыртқадан, сонша пар қабырғалардан және төстен тұрады. Қабырғалар өздерінің артқы ұштарымен омыртқалармен буындасады. Алдыңғы жағынан жоғарғы жеті пар қабырға- олар нағызқабырғалар деп аталады. – төспен буындасады. Келесі бес пар төспен буындаспайды да жалған қабырғалар деп аталады. Осы жалған қабырғалардың ішінен үш жоғарғы парлар оң жақтағы және сол жақтағы қабырға доғаларын (9) жасай отырып, бір –бірімен бірігеді. Олар түзген бұрыш төс асты бұрышы деп аталады. Ең төменгі екі қабырға өте қысқа және өздерінің алдыңғы ұштарымен ешқайда бірікпей, бұлшық еттер арасында толық қалып қояды.

Төс- жалпақ сүйек, оған жоғарғы жеті пар қабырғалар түйіседі, үш бөліктен: жоғарғы – тұтқа (10), ортаңғы – дене (3) және төменгі кішкентай бөлік – семсер тәріздес өскеннен (11) тұрады.

Тұтқаның жоғарғы бөлігі мойын негізіндегі төс ойығы деп аталатынды шектейді. Кеуде қуысы қимылы шектеулі және қимыл-қозғалыс кезінде өз формасын ішінара өзгертеді.әр түрлі адамдарда оның өзіндік жеке –дара ерекшеліктері бар: салыстырмалы түрде алғанда томпақ немесе еңіс, кең немесе тар, биік немсе аласа, төс асты бұрышы үшкір немесе доғал болып келуі мүмкін.

Қол-аяқ негізгі екі бөліктен – белдеуден және еркін қозғалатын сүйектерден тұрады. Жоғарыда айтып өткеніміздей иық белдеуіне жауырын (4) мен бұғана (5) жатады, ал еркін қозғалатын сүйектерді иық

(12), білек (13) және қол басының сүйектері (14) құрайды. Анатомияда иық деп күнделікті сөзде айтылатын мағынасындағыдан басқа нәрсе аталатынын анықтап айта кеткен дұрыс.

Жауырын – формасы жағынан үшбұрышқа жақын, жалпақ сүйек. Жауырынның жоғарғы сыртқы бұрышының буын ойығы бар, оған иық сүйегінің басы кіреді. Бұл бұрыш алға шығатын иық өскінімен (15) бітеді, ол бұғанамен бірігеді.


Токпан жілік (16) ұштары жуандаға түтік түрінде болады. Сүйектің жоғарғы жуандаған жері (басы) жауырынның буын ойығымен буындасып, буын құрайды. Сүйектің төменгі аяғында айдаршық деп аталатын буын сіңірлері бар екі өскіні болады. Айдаршықтар буын арқылы білектің екі сүйегімен – ішкі жағынан орналасқан шынтақ жілікпен (17) және сыртқы жағынан орналасқан кәрі жілікпен (18) бірігеді. Қол басының сүйектері, үш бөлікке: білезік (19), алақан (20) және саусақ сүйектерге бөлінеді. Білезік сүйектері сегіз ұсақ сүйектен, алақан сүйектері бес ұсақ сүйектерден тұрады; саусақтар: бас бармақ-екі, ал қалғандары- үш бақайшықтан тұрады.

Аяқ сүйектері белдеуі бүйілерінде ұршық ойыстары бар жамбас сүйектен (6) құралады. Олар жамбас – сан буындарын түзуге қатысады. Жамбас сүйек сегізкөз бен құйымшақпен бірге жамбасты- бүкіл тұлғаның формасын елеулі айқындайтын тұйықталған қатты сүйек сақинасын түзеді. Еркек пен әйелдің жамбасы өз құрылысында айтарлықтай ерекшеленеді: әйел жамбасы еркек жамбасына қарағанда төмен және ендірек келеді.

Сан сүйегінің (ортан жілік) (22) жоғарғы ұшында екі ұршығы (23) болады, олардан жамбас сүйекпен буын арқылы біріккен жылық басы (24) бітетін мойын кетеді. Ортан жіліктің төменгі ұшында тізе буындарын түзетін екі айдаршық (25) болады. Айдаршықтардың үстіне тізе тобығы (26) орналасады.

Балтыр екі сүйектен- асық жіліктен және шыбық сүйегінен (27) тұрады. Асық жілік біршама жуан және ол балтырдың ішкі жағында тұрады. Оның жоғарғы ұшының екі айдаршығы болады, төменгі ұшында ішкі тобық (28) орналасқан. Шыбық сүйегінің төменгі бөлігінде сыртқы тобық (29) болады. Ол ішкі тобықтан түсіп тұрады.

Табанды буындармен біріккен көптеген ұсақ сүйектер түзеді. ол үш бөлікке- толарсаққа (30), табан сүйектеріне (31) және саусақтарға (32) бөлінеді. Толарсақты жеті сүйек, табан сүйектерін бес сүйек құрайды. Аяқтардың саусақтары, қолдың саусақтары сияқты, бақайшықтардан: бармақ-екі, қалғандарды – үш бақайшықтан тұрады. Табанның құрылысы күмбез тәрізді келеді, мұның өзі оның серіппелік қызметін қамтамасыз етуде маңызды роль атқарады.



1- сурет Адамның скелеті

Практикалық сабаққа дайындық бойынша білім алушыларға әдістемелік ұсынымдар:

1. Пластикалық анатомияның зерттеу тәсілдері қандай?
2. Пластикалық анатомияның бөлімдері ата.
3. Адам денесінің құрылысына жалпы шолу жасаққа, бұлшық еттер, тері, шаш, жыныстық ерекшеліктер, сыртқы ерекшеліктер, т.б./
4. Пластикалық анатомия дегеніміз не және оны зерттеу әдістері қандай?

Пысықталатын оқу мәселелерінің және студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмаларының тізбесі:

Гипс моделіне қарап аяқ басының нақты өлшемдегі нұсқасын балшықтан тапсыру, аяқ басының құрылымының жеке бөліктерінің байланысының бірлігін ашу.

Ақпараттық қамтамасыз ету және жабдықтар: Суреттер, қара қалам, өшіргіш, журналдар, қағаз (формат), эскиздер, дәптер, пластилин, қалам, құрал саймандар.

Пайдаланылған әдебиеттер мен Web сайттар тізімі:

1. Рабинович М.Ц. «Пластическая анатомия человека, четвероногих животных и птиц и ее применение в рисунке» М, «высшая школа» 1978 г.
2. Рабинович М.Ц. «Изображение человека на основе пластической анатомии» 1965г.

3. Механик Н.С. «Основы пластической анатомии» М. 1958г.
4. Павлов Г.М., «Пластическая анатомия» М., 1948г.
5. Дювало М. «Анатомия для художников» 1936г.
6. Тихонов М.Т. «Курс пластической анатомии» 1906г.
7. Иваницкий М.Ф. «Очерки пластической анатомии человека» М., 1955г.
8. Карузии П.И. «Руководство по пластической анатомии» выл. I,

15 -Тақырып: Түрегеліп тұрған ер кісінің нұсқасына қарап жапсыру

Жоспар: Тұлғаны мүсіндеу

Сабақтың мақсаты: Студенттердің теориялық курстың лекцияларында алған білімін бекіту, тереңдету, кеңейту. Болашақ мамандарды тәрбиелеуде бейнелеу өнері теориясына ғылыми қызығушылығын тудыру.

Қысқаша теориялық мәліметтер: Тұлғаны балшықты тақтаға төсеуді мүсіндеуден бастайды, оның қалыңдығы ойдағы композиция есебімен алады. Плинт дайындалып болған соң, тұлғаның қойлымына кіріседі, ары қарай қимылдарды анықтайды, пропорцияны және олардың жалпы бірыңғайлылыққа тәуелділігін анықтайды. Тұлғаны мүсіндеу кезінде модельдің қимылын және мінез құлқын сезіну маңызды және мұны пластикалық формалар және көлемдердің қатынасы арқылы беру керек.

Бірінші кезеңде негізгі сызығын табу керек, бұл сызық позада негізгісі болып табылады. Бұл үшін төс ойығының ортасынан еденге дейін вертикальді түсіріп белгілейміз. Осы вертикаль нүктесін белгілеп, иық арасынан балшық бөліктерін жапсырамыз. Арқасындағы негізгі сызық оның бүкіл тұлғасындағы беломыртқа тірегін білдіреді, ал төменірек – аяқтың негізгі бағыты. Бұл сызық өзінің барлық тірек нүктелерінде және тереңдеу қылып фигураның негізгі сызығымен қиылысады. Мүсінші үшін фигураның артқы негізгі сызығы үлкен мәнді алады, өйткені біз омыртқа тірегін қаңқаның басты және орталық бөлігі сияқты қарастырамыз.

Тұлғаны мүсіндеу кезіндегі бастысы – бұл адам қаңқасының анатомиялық құрылымын және оның пропорциясын бере білу. Дененің ірі бөліктерінің пропорциясын көрсетуде бірден дұрыс алу керек, мысалы бастың және аяқ кеуде өлшемдерінің қатынасын қою керек.

Көлемді форманы мүсіндеу кезінде бағдар болып ось немесе бүкіл тұлғаның профильді сызығы қызмет етеді. Каркасқа балшықты жапсыруда, алдыңғы және артқы осьті белгілеу керек. Мүсіндеу кезінде негізгі жоспарды дұрыс анықтау өте маңызды. Бұдан барлығы фигураның қимылын анықтаудан тәуелді. Бұл кезеңде фигураны мүсіндеу керек. Жоғарғы аяқтарын мүсіндеу кезінде жауырын мен бұғанаға көңіл аудару керек. Кейін тағы бір рет жоғарғы аяқтарымен иық белдеулерінің танитын нүктелерін тексеру керек. Мүсіндеуді аяқтау кезінде тұлғаны тұтас беруінде тірек жасалады. Форманы модельдеу кезінде жиі этюдтен кетуден кеңес береді.

Практикалық сабаққа дайындық бойынша білім алушыларға әдістемелік ұсынымдар:

1. Сан, балтыр және аяқ басы сүйектері. Олардың модельдегі бедері
2. Иық туралы түсінік. Иық шыбығы және жауырын, олардың модельдегі бедері.
3. Білек сүйектері, олардың иықпен байланысы. Олардың бедері, буындар.

Пысықталатын оқу мәселелерінің және студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмаларының тізбесі:

Гипс моделіне қарап аяқ басының нақты өлшемдегі нұсқасын балшықтан тапсыру, аяқ басының құрылымының жеке бөліктерінің байланысының бірлігін ашу.

Ақпараттық қамтамасыз ету және жабдықтар: Суреттер, қара қалам, өшіргіш, журналдар, қағаз (формат), эскиздер, дәптер, пластилин, қалам, құрал саймандар.

Пайдаланылған әдебиеттер мен Web сайттар тізімі:

1. Голубкина А.С. Несколько слов о ремесле скульптора. Сов. Художник. 1960г.
2. Чайков И.М., Лепка и формовка скульптуры М.»Искусство» 1953г.
3. Крестовский И.В.Скульптура М., Профиздат 1960 г.
4. Каменский А.А., Коненков С.Т. «Советский художник» 1962г. 326стр.
5. Минина В.Б., Николай Томский. «Искусство» 1980г. 326 стр.
6. Балашева Е. «Скульптура»/беседа из цикла/ как надо понимать искусство творчество 1960г. №6
7. Вигин В.А. Как лепить животных. Художник. 1962г. №25


Иллюстрациялар



1- сурет Мүсіндік өрнектің композициясы. Оқу жұмысы



2 сурет Гипстік классикалық үлгіден орындалған өрнек. Гипс



3 сурет Гипсті классикалық үлгіден орындалған маска



VI. Верроккьо.
Мадонна с младенцем

**Иллюстрация 4. Верроккьо
Мадонна нэрестемен бiрге**




VII. Верроккьо,
Ангел

**Иллюстрация 5 Верроккьо
Періште**




14. Донателло.
Надгробие папы Иоанна XXIII

**Иллюстрация 6 Донателло
XXIII Иоанна папаның қабірі**




**Иллюстрация 7. М.К.Аникушин
А.С.Пушкин**




**Иллюстрация 8. А.П.Кибальников
В.В.Маяковский**



**Иллюстрация 9 И.Д. Шадр
Рабочий 1922г.**



**Иллюстрация 10. И.Д.Шадр
Булыжник- оружие пролетариата. 1905 год. 1927г.**



**Иллюстрация 12. В.Н.Домогацкий
Әртістің портреті**